

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

ШЕТ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы



Қазіргі қазақ әдеби тілі (фонетика) ПӘНІНЕН ЛЕКЦИЯ

Білім саласы:	100000 - Білім
Оқыту саласы:	140000 - Оқытушыларды дайындау және педагогика пәні
Бакалавриат бағыты:	5111300- Ана тілі мен әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті)



НАУАИ

1.Аннотация

Қазіргі қазақ әдеби тілі пәні өте күрделі пән ретінде қарастырылады. Бұл пән өз ішіне фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салаларын қамтиды. Қазіргі қазақ тілінің негізгі міндеттері мен мақсаты тіл дыбыстарының жасалу жолдары мен түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін оқытуға қаратылады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінен теориялық және тәжірибелік жаттығулар өту негізінде студенттерді шығармашылыққа баулу оларды анализ жасау, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету, фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларының әрбір тақырыбында өткізілетін практикалық сабақтарда топпен пікірлесу, тілдің жүйелік структуралық, тіл білімінің зерттелу әдістерін анықтау тақырыптарда өткізілетін тәжірибе жаттығулары, талдау жұмыстарын арттыруда ерекше орынға ие.

Студенттердің «Қазіргі қазақ әдеби тілі» пәнін меңгеруі үшін оқытудың заманауи методтардан пайдалану жаңа информациялық педтехнологияларды қолдану үлкен маңызға ие. Пәнді меңгерту барысында жаңа методтарды қолдана отырып компьютер технологияларынан, көрнекі құралдардан, үлестірме-нұсқаулардан, оқулық, көмекші және методикалық қолданбалар, лекция мәтіндері, тарқатпа материалдар, электрон материалдар, түрлі көрнекіліктер, перфма карта, семантикалық, концептуалдық карталар, проект технологияларынан пайдалану көзделеді. Лекция, практика және лаборатория сабақтарына тиіс үлгілі пед технологиялардан пайдаланылады.

Жалпы мәліметтер.

Аға оқытушы. Айменова Е.Р.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы. №2- корпус, 2-этаж, 221- кабинет

Телефон: - 22-5-48-99.22-4-04-94

Кафедрада болу уақыты: 8.00-18.00

Өткізу уақыты және орны.

№	Аты-жөні	Сабақты өткізу, орны		Байланыстырушы мәлімет
		Аудиториялық сабақтар	СӨЖ	
1	АйменоваЕ.Р.	Уақыты _____ Ауд _____	Уақыты _____ Ауд _____	Тел: _____ Каб: _____ Корпус: _____

Курстың пререквизиттері және постреквизиттері

№	Пререквизиттер (пәннің алдында міндетті түрде игерілуге қажетті пәндер)	Постреквизиттер (пәннен кейін өткізілетін, осы пәнге сүйенетін пәндер)
1	Мектеп бағдарламасына сәйкес Қазақ тілін меңгерту.	Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізу
2	Нормативті қазақ тілі	Қатысым фонетика

Тақырып. Қазақ тілі фонетикасының міндеті мен мақсаты, қалыптасу, дамуы және қазіргі күйі

Ж о с п а р ы:

1. Фонетика туралы түсінік
2. Қазақ тілі фонетикасының зерттелу тарихы.
3. Фонетиканың зерттейтін мәселелері
4. Дыбыс, әріп, фонема.

Фонетика (грекше *phonetikos* – дыбыстық) – дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Фонетика -дыбыс туралы ілім, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. (оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап пәнетике деп айту, жазу жөн болар еді). Қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов фонетиканы дыбыс жүйесі деп алған. Әзірше бұл екеуі синоним ретінде қатар қолданылып жүр. Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде ықпал етуі, буын, екпін, айту, жазу нормалары, орфография, орфоэпия т.б.

Дыбыстардың пайда болу, өзгеру сырларын білмей тұрып, лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзімізге мектептен таныс қатандану, ұяндану сияқты дыбыстық өзгерістерді түсіндіру, қазіргі жазудың сырын түсіну қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда болуын анықтауға, тілдердің арасындағы туыстық байланысты табуға тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді.

Мәселен: қазіргі емле бойынша, қос сөз түрінде жазылып жүрген *жапа-тармағай* сөзі Халелдің айтуынша, арабтың жам-хан, мағ-хан (бәрі бірге ұмтылу) деген сөздерінен шыққан. Жат сөздерді тіліміздің дыбыстық заңына орай өзгеріске ұшырауы -заңды құбылыс. Ана тіліміздегі дыбыстардың артикуляциясын жетік білу шет тілін дұрыс меңгеру, қазіргі ақпарат, байланыс құралдарын жетілдіру үшін қажет.

Зерттеу мақсатына қарай фонетика сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы, салғастырмалы фонетика болып бөлінеді.

Сипаттамалы фонетика (немесе синхрониялық фонетика) тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық жүйесін қарастырады: дыбыстарды сандық, сапалық жақтан айқындау, олардың тіркесу, үндесу заңдылықтары, буын, екпін, орфоэпия мәселесі осы саланың объектісі болып табылады. Қазіргі мектептер мен жоғары оқу орындарында оқылатын фонетика осы орындарда оқылатын фонетика осы сипаттамалы фонетикаға жатады. «Қазіргі қазақ тілі курсы» бойынша жоғары оқу орындарында елуінші жылдардың бас кезінде жазылып, 1954 жылы «Қазіргі қазақ тілі» деген атпен оқулықтың бір тарауы болып енді. Авторы-академик С.Кеңесбаев.

Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген мың-мыңдаған сөздер бар. Біз оларды орыс тіліндегідей етіп айтуға, сондай-ақ жазуға тиіспіз. Мұның өзі орыс тілі фонетикасымен де етене таныс болуды талап етеді. Орыс тілінің дыбыс жүйесін, фонетикалық заңдылықтарын жақсы білгенде ғана әлгіндей сөздердің айтылуы мен жазылуын дұрыс меңгеруге мүмкіндік туады. Тарихи (диахрониялық фонетика) тілдің дыбыс жүйесін және тарихи тұрғыдан қарастырады. Дыбыстардың түрлері, олардың дамуы, тарихи өзгерістер, буын екпін мәселелері, үндестік заңдары әр дәуірдегі жазба ескерткіштер материалдары бойынша айқындалады.

Тілдің дыбыс жүйесін қазіргі және тарихи тұрғыдан қарастырған кезде туыс тілдердің фонетикасын да ескеру керек. Мұның өзі дыбыстардың өзгеру, даму жүйесін айқындауға мүмкіндік береді. Туыс тілдердің дыбыс жүйесін салыстыра зерттеу, олардың ұқсастықтары мен айырым белгілерін айқындау салғастырмалы фонетиканың міндетіне

жатады. Салғастырмалы және тарихи фонетика көбіне бір-біріне тығыз байланысты болады да, зерттеулерде қатар қолданылады. Туыстығы жоқ, құрылымы әр басқа тілдердің дыбыстық жүйесін салыстырып зерттеу салғастырмалы фонетиканың үлесіне тиеді.

Дыбыстардан жуан, жіңішке, ашық, қысаң, еріндік, езулік, дауысты дыбыстардың зерттелу тарихы. Дауысты дыбыстардың саны, сапасы жөнінде С.Мырзабековтың пікірі. Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді. Шұғыл, ызың, діріл. Тіл алды, тіл арты, тіл ортасы. Дауыссыз дыбыстардың емлесі.

Фонетиканың өзекті мәселесі - тілдегі дыбыстардың санын, сапасын анықтау және сол дыбыстарға қатысты түрлі заңдардың басын ашу. Бұл салада қазақ тілінде аз жұмыс істелген жоқ. Әсіресе дауысты дыбыстар зерттелуден кенде емес. Қайта қазақ тілі фонетикасы жайындағы негізгі зерттеулер мен монография, мақалалар тұтастай дауыстыларға арналған деуге болады. Оның үстіне мектеп, орта арнаулы, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен тілдің әр түрлі саласына байланысты зерттеулер де дауыстыларға соқпай кете алмайтыны белгілі. Бұлай болатыны, тіліміздегі дауыстылар немесе вокализмдер –сөздің жаны» немесе «сөздің жанды тамыры»

XX ғасырдың екінші жартысында орыс патшалығы қазақ даласын отарлауды аяқтап, орыс шаруаларын жаппай қоныстандыруды қолға алды. Мұның өзі қазақ халқының тілін, дінін, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын білуді бұрынғыдан да жандандыра түсуге мәжбүр етті. Осы мақсатпен орыс оқығандары бірсыпыра зерттеу жұмыстарын жариялады. Олардың ішінде күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоймаған құнды еңбектер де бар.

Қазақ тілі жөнінде тұңғыш пікір, зерттеулер, қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер де осы тұста дүниеге келе бастады. Бұларда қазақ сөздері орыс графикасымен жазылды. Тілдің дыбыстық құрамы, айту, жазу нормаларын зерделеу үшін, араб жазуымен салыстырғанда, мұның маңызы зор. Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған миссионер Н.И.Ильминский еді. Ол 1860 жылы Қазанда «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегін жариялады. Сөздіктің бас жағында автордың қазақ тілін оның дыбыстық, грамматикалық жүйесі жөніндегі пайымдаулары баяндалған.

Қазақ тілі жөніндегі тұңғыш еңбек болғандықтан И.Н.Ильминскийдің әрбір пікіріне ілтипатпен қарағанымыз жөн. Оның айтуынша қазақ тілінде 8-дауысты, 19-дауыссыз дыбыс бар. Бұдан аңғаратынымыз И.Н.Ильминский а-ә дыбыстарын бір фонема деп қараған. Ақ-эк, ор-эр сияқты сөздерді мағыналық жақтан саралауда а фонемасын өзіндік қызметі барын аңғару қиын емес. Осы күнгі орыс графикасына негізделген қазақ жазуының негізін салған Н.И.Ильминский болды. Тек ол қолданған кейбір қосымша таңбалар ғана өзгеріске ұшырады. Осы күнгі қ,ғ,к,г дыбыстары бас-басына фонема ма, әлде екі-ақ фонема ма деген сұрақ жиі туып жүр. Бұларды осылай төрт түрлі таңбалау да осы Н.И.Ильминскийден басталса керек. Ол қазақ тіліндегі дыбыстарды біршама дұрыс анықтаған деуге болады. Бұл күнде қазақ тіліне қызмет ететін 42 әріп пен 12-15 дауыстының, 25-26 дауыссыздың ол кезде елесі де жоқ.

Ж.З.Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деп аталатын екі томдық сөздігінде де қазақ сөздері мол қамтылған. Қазақ лексикографиясы тарихы үшін маңызы бар бұл еңбекте сөздер араб әрпімен берілген. Тек екінші томында ғана сөздердің орыс тіліндегі транскрипциясы берілген. Дегенмен қазақ сөздеріне орфографиялық ақаулар көп кездеседі.

1875 жылы әскери қызметкер, тарихшы М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» деп аталатын кітабы шықты. Мұнда ауыз толтырып айтарлықтай жаңалық жоқ.

1878 жылы А.В.Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии» деген кітабы жарық көрді. Оның көрсетуінше, қазақ тілінде 9 дауысты, 17 дауыссыз дыбыс бар.

Алайда, кейбір дыбыстардың таңбасы айқын емес. Мәселен, ә,е дауыстылары ә,и түріне таңбаланған. Ал дауыссыз й,у мүлде жоқ. Оның есесіне в,х әріптері тұр.

1879 жылы Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» деп аталатын оқу құралын орыс графикасы негізінде жасаған қазақ алфавитімен шығарды. Осыдан-ақ Ыбырай жазуының дәрежесін аңғаруға болады. Бұған қарағанда, Н.Ильминский қазақ тілінің дыбыс жүйесін әлдеқайда дұрыс берген. Тек өз досының бастамасын жалғастырмағанын түсіну қиын.

Түркі тілдерінің зерттеудің жаңа кезеңі В.В.Радлов еңбектерінен басталады. Ол тюркология ғылымының барлық салалары бойынша жол салып, қажырлы еңбек етті. «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» атты еңбегі неміс тілінде жарық көрді. **Ол қазақ тілінің дауыстылар саны 9, дауыссыздар саны 20 деп көрсетеді.**

Қысқасы, Қазан төңкерісіне дейін орыс тілі әдебиеттерде қазақ тілі фонетикасына қатысты негізгі де қарапайым ұғымдар танымдық мақсатта жалпы баяндалады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен үндестік заңдарынан біршама мәлімет береді. Қазақ графикасымен жазу тәжірибесі қалыптаса бастайды. Мұның бәрі айналып келгенде, қазақ тілінің дыбыс жүйесін, айту, жазу нормаларын зерделеуге көмектеседі.

Тұңғыш қазақ газеті «Түркстан уалаяты» мен қазақ тарихындағы екінші газет «Дала уалаяты» шыға бастады. Бұл екі газет те араб графикасын пайдаланды.

XX ғасырдың басында қазақ тіл білімі қазақ топырағында қаз-қаз басып, бірте-бірте ғылым айдынына шықты. Мұның көш басында қазақ халқының рухани көсемі, қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов тұрды.

А.Байтұрсынов 1912 жылы «Айқапқа» «Жазу тәртібі» дейтін мақала жазып, сол тұстағы оқудың жайына тоқталады: орысша, мұсылманша сауат ашуға көп уақыт кететінін, оның қиындықтарын айтады. «Оқу құралының ең ұлылығы-бала оқытатын кітап», оқу құралы «балалардың жанын қинамайтын» болу керек дейді. Ондай оқулық жасау үшін алдымен жазу жөнделу керек, дыбыстар анықталып, «сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу керек», -дейді. Оның айтуынша «қазақ тілінде 24 дыбыс бар», оның бесеуі дауысты, екеуі (й,у) жарты дауысты 17 дауыссыз. Мақалада осы дыбыстарды жазу үшін өзі ойлап тапқан таңбаларды тәптіштеп түсіндіреді. Бұл біздің ойлауымызша, Ахметтің тіл турасындағы, жазу жайындағы алғашқы мақаласы.

Ахметтің тырнақ алды туындысы 1912 жылы «Оқу құралы. Қазақша әліппе» деген атпен жарық көрді. Араб графикасын қазақ тіліне икемдеп, әр дыбысқа жеке таңба берді, олардың сөздің әртүрлі деңгейінде жазылуын аңғартатын мысалдар, текстер ұсынды, қолданылуындағы ерекшеліктерді ескертті. Арабтың бір ғана у әрпімен жазылатын бес дыбысты бейнеледі. Олар: о,ө,ұ,ү,у. Сондай-ақ и әрпін үш дыбысқа (ы,і,и) пайдаланды.

Кітапта қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы деп 24 әріпті санамалайды да, оның бесеуі дауысты, 17-і дауыссыз деп көрсетеді. Жалпы санда й,у бөліс кезінде қалып қойған.

Ахметтің айтуынша, дауыстылар мен дауыссыздардың шегін жалғаулар арқылы айыруға болады. Ал, «толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да, соңында да келетін» болса, шала дауыстылар буын ішінде дауыссыздардан кейін тұра алмайтынын дұрыс аңғарған. Оның жазу, емле, терминология жайындағы еңбектері әлі күнге дейін құнын жойған жоқ. Мамандығы дәрігер бола тұрып, ғылымның түрлі саласында татымды еңбек еткен Халел Досмағанбетов тіл зерттеушісі ретінде бөле-жара айту керек болады. 1924 жылы жеке кітап болып шыққан «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингорманизм» деп аталатын еңбегін қазақ тіл біліміндегі тұңғыш кең ауқымды ғылыми зерттеу деуге әбден болады. Мұнда қазақ тілінің дыбыс жүйесі, сингорманизм, оның ішінде тіл үндестігі егжей-тегжейлі айтылған. Әсіресе кірме сөздердің жөн-жосығы жақсы баяндалған.

Ахмет те, Халел де тілдің сырын оқулықтан емес, бесіктен біліп, есіктен игерген жандар. Көбісі сөгілмеген, жазудан теперіш көрмеген, бұл тілді білгісі келгендерге бұлардың айтары көп. Қазақ тілі фонетикасының Кеңес дәуірінде зерттелуіне белгілі фонетист ғалым Ж.Аралбаевтың еңбегі аса зор. Сөздің айтылуы бар да, жазылуы бар.

Әдетте, мынандай көзқарас бар. Дыбыс деген сөздің мағынасы мол. Айталық, адамға қатыссыз, табиғатта «айналада» болып жататын дыбыстар көп. Фонетика адамның дыбыс шығару мүшелері арқылы жасалған дыбыстарды қарастырады. Дыбыс пен әріп бір-бірімен өте тығыз байланысты болғанмен, олардың бір-бірімен айырмашылықтары бар. Дыбыстау мүшелері арқылы жасалып, естілетін физикалық құбылысты дыбыс деп атайды. Дыбыстардың жазбаша таңбасын әріп деп атайды. Әріптердің жиынтығын алфавит деп атайды. Демек, **дыбысты айтамыз және естиміз, ал әріпті жазамыз және көреміз**. Жазуға қарағанда айту әлде қайда маңызды. Басқаны айтпағанда әрбір адам алдымен сөйлеуді үйренеді де, содан соң жазуға көшеді. Күнделікті өмірде де адамның сөзді жазуына гөрі айтуы, оқуынан гөрі тыңдауы көп орын алады. Тіпті үндемей ойлау, оқу, жазудың өзі де дыбыстарды іштей айтумен байланысты. Олай болатыны сөздің өмір сүру формасы-дыбыс. Әріп сол дыбысқа берілетін шартты таңба. Әріпті оқу айналып келгенде, дыбысты айту болып шығады.

Әріп пен дыбысты шатастыруға болмайды. Әріп кейде жеке дыбысқа формасында келеді: а, ә, ұ, ү кейде бір әріп мәселен ю, я бірнеше дыбыстың қосындысын (и, ұ, у), (й, ү, ұ, иа) жасалады. Керісінше, кейбір әріптердің дыбыстық таңбасы жоқ. Әріп пен дыбыстың бір-біріне ылғи да сай келе бермеуі сөздің жазылуымен айтылуының арасында ылғи да алақұлалық тудырады. Мәселен, адам, жер, ана т.б. Сөздердің жазылуы бір-біріне жуық. Ал оқы, ойланба, тонға, басшы деген сөздер айтуда оқу, ойламба, тоңға түрінде айтылады.

Қазақ тілінде 37 дыбыс, 42 әріп бар. Тіл дыбыстары-адамның дыбыстау мүшелерінің жемісі. Дыбыс-тілдің бір жақты единицасы: дыбысталады, бірақ мағынасы жоқ. Ал олардың белгілі бір тілде қалыптасқан тіркестері мағыналы сөздерді білдіреді. Олай болса, дыбыстар тілдің мағыналы единицалары сөз бен морфемаларды құрастыратын материалдар қызметін атқарады. Сөздер мен морфемаларды құрастыру үшін әр тіл өзінде бар толып жатқан дыбыстардың ішінен санаулы ғана дыбыстар түрлерін пайдаланады.

Қазақ тілінен хабары бар адам бар бал, мал, сал тал: жай, жақ, жап сияқты дыбыс тіркестеріндегі әр түрлі сөздер екенін бірден ажыратады. Өйткені бұларда бір-біріне ұқсамайын дыбыстар бар. Енді бір ғана сөзді мысалы: мал сөзін тіліміздің заңына сай түрлендіретін болсақ, мыс: малым, малды, малы онда бір сөзден бірнеше форма өрбиді де, дыбыстар оларды бір-бірінен ажыратуға тірек болады.

Қысқасы, тіл дыбыстары сөздер мен морфемаларды құрастыруға, тануға ажыратуға қызмет етеді. Фонема грек тілінен алынған. Сөздер ен морфемаларды бір-бірінен ажыратуға септігі бар тілдің ең кішкене единицасы немесе бөлшегі. Тіл білімінде дыбыстардың қызметіне орай фонема деген ұғым пайда болды. Фонема-сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын, ары бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица. Тіл білімінде фонема деген ұғымның сипатын айқындау фонетика тарихында жаңа үлкен белес алды. Енді сол фонемалардың табиғатын ашып айқындау мәселелеріне келейік. Фонема дегеніміз де -тіл дыбыс болғанда, сөздердің жігін өзгертіп, морфемалардың жігін ажырататын дыбыс. Фонема тіл дыбыстарынан бөлек тұрмайды, қайта тығыз байланыста болады. Фонема деген тілдің материалдық бөлшегі. Фонемаларды зерттейтін фонология мен тіл дыбыстарын зерттейтін фонетика екеуі де екі түрлі пән емес, тіл туралы ғылымның екі түрлі жағы. Сонымен, фонема деген ұғым сөз мағынасын сөздің жігін ажырататын дыбыстар деген ұғыммен байланысты. Фонема бойында бірнеше белгілері болады. Ол белгілер фонемадан тыс өмір сүрмейді, фонеманың бойында жинақталып топталады. Мысалы: қ фонемасының бойында бірнеше белгілер бар; қатаңдық, тіл алды.

Белгілі бір тілдің фонемалар жүйесі бір-бірімен әрдайым қарым-қатынаста, өзара байланыста болатын фонемалардың жиынтығынан құралады. Фонемалардың тілдің фонетикалық жүйесінен тыс өмір сүруі мүмкін емес. Фонемалар белгілі бір тілге тән фонетикалық жүйенің мүшелері. Солай болғандықтан, әрбір фонеманың мазмұны оның фонетикалық жүйеде алатын орнымен айқындалады. Фонемалар құрамының жүйелі сипаты олардың бір-біріне қарама-қарсы топтарға жіктеліп топталады. Мысалы,

дауыссыздардың қатаң және ұяң дауыссыздар **п-б, т-д, с-з, к-г** болып **тіл алды және тіл арты і, ұ, ы, о, ө** болып рет-ретімен қарсы топтарға жік-жігі бойынша топтала бөлінуі тілде фонемалар жүйесінің бар екендігін аңғартады. Тіл білімінде фонема туралы мәселенің өзіне тән тарихы бар. Фонема туралы ұғым орыс тіл білімінде өткен ғасырдың 70 жылдарында пайда болды. Фонема теориясының негізін қалаған лингвист-орыс ғалымы И.А.Бодуэн де Куртенэ. Ол ғылыми-зерттеу жұмыстарының әр дәуірінде фонема туралы түсінігінде кейбір өзгерістер болды.

Бодуэн де Куртенэ фонеманы морфеманың құрамында қараудың қажеттілігін айтады. «Фонемалар өздігінен ешқандай мағыналарға ие бола алмайды. Олар әр жақты тілдердің элементтердің құрамында енгендігі ғана, тілдік мәнге ие болып лингвистикалық тұрғыдан таныла алады». Ол фонеманың лингвистикалық мәнділігін морфеманың компоненті ретінде таниды. Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ілімін ары қарай дамытқан оның шәкірті, академик Л.В.Щерба болды. Ол фонеманың реңктері туралы мәселеге тоқтала келіп, негізгі реңк туралы мәселеге айрықша назар аударады. Л.В.Щерба сөздер мен формаларды ажырататын реңкті фонема деп атайды. Әрбір фонема оны сол тілдегі басқа, фонемалардан ажырататын белгілер арқылы анықталады. Белгілі бір тілдің күллі фонемалары қарама-қарсылықтың біртұтас жүйесін құрайды

Бодуэн де Куртенэ мен Л.В.Щербаның фонема туралы ілімі Ш.Трубецкой басқарған прагалық лингвистикалық үйірмеге әсер етті. Н.С.Трубецкой фонологиялық ілімді жасауда Бодуэн де Куртенэ мен Л.В.Щербаның фонема туралы еңбектеріне сүйенеді. Морфема-тілдің ең кіші мағыналы бөлшегі. Морфемалар сөзден де, қосымшалардан да болады. Мыс: *балаларымыз* деген сөзде *бала-лар-ымыз*. Бұлардың әрқайсысының өз мағынасы бар. Осыларды ары қарай бөлшектесек, мағынасыз дыбыстар ғана қалады.

Дыбыс жүйесі қарастыратын мәселелер: тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесетін, үндесіп, тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия т.б.

Фонетика тіл дыбыстарын және оның заңдылықтарын тексеруде белгілі бір тілдік теориялық қағидаларға сүйенеді. Біз дыбыс дегенде әрбір қазақ тіліндегі дыбыстарды күрделі тұлға ретінде қарастырамыз. Сондықтан да фонетика тілдегі дыбыстарды фонемалық қасиетіне қарай сұрыптайды. Сонда фонема дегеніміз не?

Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны фонема деп атайды. Фонема туралы ғылым фонология деп аталады. Фонология грек тілінен алынған сөз болып, фонеманы зерттейтін тіл білімінің саласы.

XX-ғасырдың екінші жартысында орыс патшалығы қазақ даласын отарлауды аяқтап, орыс шаруаларын жаппай қоныстандыруды қолға алды. Мұның өзі қазақ халқының тілін, дінін, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын білуді бұрынғыдан да жандандыра түсуге мәжбүр ету. Осы мақсатпен орыс оқығандары бірсыпыра зерттеу жұмыстарын жариялады. Олардың ішінде күні бүгінгі дейін ғылыми маңызын жоймаған құнды еңбектер де бар.

Қазақ сөздерін алғаш орыс графикасымен жазған **миссионер Николай Иванович Ильминский (1322—1891)** еді. Ол 1860 жылы Қазанда «Материалы к изучению киргизского наречия» деген 162 беттік еңбегін жариялады. Оның 140 беті-қазақша-орысша сөздік. Сөздіктің бас жағында автордың қазақ тіл, оның дыбыстық, грамматикалық жүйесі жөніндегі пайымдаулары баяндалған. Араб жазуын орыс жазуымен алмастыру жайында алғашқы пікір айтқан.

Н. И. Ильминский қазақ тілінің шешендік, сұлулығына сұқтанды, көне түркілік сөздер көп кездесетініне, өзіндік дыбыстық жүйемен ерекшеленетініне назар аударды. Оның айтуында, қазақ тілінде мынадай дыбыстар бар: дауыстылар-а (ә), е, ы, і, о, ө, ұ, ү, дауыссыздар-п, б, м, у, т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Яғни дауыстылар-8, да-

уыссыздар-19. Бұдан біздің аңғаратынымыз, Н. Ильминский а және ә дыбыстарын (жуанды-жіңішкелі) бір фонема деп қараған.

А. Байтұрсынұлы 1912 жылы «Айқап» «Жазу тәртібі» дейтін мақала жазып, сол тұстағы оқудың жайына тоқталады. «Оқу құралының ең ұлығы - бала оқытатұғын кітап» (Сонда, 380-б.), Оның айтуынша, «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар», «оның бесеуі дауысты, екеуі (й, у) жарты дауысты, 17 дауыссыз. Мақалада осы дыбыстарды жазу үшін өзі ойлап тапқан таңбаларды тәптіштеп түсіндіреді. Мәселен, жарты дауысты й, у тек «дауысты дыбыстардың соңында айтылады», - дейді.

Ахметтің тырнақ алды елеулі еңбегі осы 1912 жылы «**Оқу құралы. Қазақша әліппе**» деген атпен жарық көрді. Кітапта қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы деп 24 әріпті санамалайды да, оның 5-еуі дауысты, 17-сі дауыссыз деп көрсетеді. Жалпы санда бар й, у бөліс кезінде қалып қойған. Жазуда тоғыз дауыстыға да таңба берілген. Сонымен әліппеде тоғыз дауысты мен 19 дауыссыз жеке-жеке таңбаға ие болған.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінің әсіресе елеулісі - «**Тіл — құрал**» атты оқулықтары. «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл-қазақта бұрын болмаған жаңа зат, деп жазды ол алғаш 1914 жылы жарық көрген кітабының алғы сөзінде. Дыбыс таңбасын харіп деп атаймыз... Дыбыс һәм харіп екеуі екі басқа», — дейді. Кітапта жеке әріптердің, сөз, қосымшалардың жазылу қағидаларына біраз орын берген. Зерттеу объектісіне қарай **жалпы фонетика** және **жеке фонетика** болып екі салаға бөлінеді. Жалпы фонетика тіл білімінің жеке бір саласы ретінде адамның сөйлеу аппаратының дыбыстық мүмкіндіктерін айқындайды. Тіл дыбыстары классификациясының негізгі принциптерін белгілеп береді. Жалпы фонетика - ғылымының басқа салаларымен, акустикамен, физиологиямен және психологиямен тығыз байланысты

Академик Щербаның айтқанындай : «Жалпы фонетиканы акустика, физиологиядан да басқаша, лингвистикалық айрықша пән ретінде бөліп қарау және оны тіл дыбыстарының, адамдардың тілдік қатынас жасау процесінде атқаратын қызметіне орай әлеуметтік ғылымдардың қатарында қарау керек» (М.В.Щерба. Таңдамалы шығармалары, Л.Г.У. 1958ж.). Жеке фонетика белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Осы зерттеу негізінде сипаттама фонетика пайда болады. Сипаттама фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады. Фонеманың жүйесін және олардың өзара ішкі байланысын белгілеп, айқындайды.

Қазақ тілі фонетикасының зерттелу тарихына өз үлесін қосқан бірнеше ғалымдарды айтуға болады. Мәселен: Н.И.Ильминский, Л.З.Будагов, В.В.Радлов, А.Байтұрсынов, Ә.Жүнісбеков, К.Аханов, Ж.Аралбаев, Н.Сауранбаев, Н.Оралбаева, С.Мырзабеков, М.Томанов, Б.Қалиев, М.Джусупов. т.б.

Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдістер.

Сөйлеудің табиғи дыбыстық материясы болып табылатын фонетикалық жағы ерекше зерттеу әдістеріп (метод) қажет етеді. Олай болатыны, фонетика бір жағынан акустикалық (немесе физикалық) аспекті тұрғысынан акустикамен, екінші жағынан физиологиямен (сондай-ақ анатомиямен де) байланысты болып келеді де, бұл ғылымдарда пайдаланылатын әдістер мұнда да қолданылуға тиіс. Әдетте мұны эксперименттік әдіс дейді де, сонымен байланысты қарайды. Бұдан аппаратсыз эксперимент болмайды екен деген ұғым тумауға тиіс. Фонетика саласынап мынандай бір қарапайым мысал алып қарастырайық: қазақ тілінде дыбыстардың қалыптасқан орны, үндесу заңдылықтары бар. Соның бірі қатаң дыбыстардан кейін қатаңдар келеді. Бұл заңдылықты елемей, қатаңнан кейін ұяң дыбыстарды айтып, көрейік: *ат-дың, ат-ға, ат-да*. Әдейі бұзу үшін болмаса, бұлай айту қазіргі қазақ тілінде мүмкін емес. Фонетикалық көптеген тұжырымдар айту мен қабылдауға, қарапайым тәжірибеге негізделген.

Дегенмен, дыбыстардың акустикалық, мінездемесін күшін, қарқынын, созыңқылығын, сондай-ақ оның артикуляциялық табиғатын, яғни қандай мүшелердің қатысуымен қалай

жасалып тұрғанын нақты білу үшін қабылдау арқылы сезіп қою жеткіліксіз, оны тиісті аппараттардың көмегімен қарасты-ру керек.

Экспериментті (грекше — байқау, тәжірибе) фонетика (дұрысы, экспериментті-фонетикалық әдіс) — сөйлеу дыбыстарын акустика мен физиология саласында пайдаланылатын аппараттарды қолдану арқылы зерттеу.

Экспериментті-фонетикалық әдісті екі үлкен топқа бөліп қарастырған жөн:

1) акустикалық әдіс арқылы сөйлеу дыбыстары, олардың акустикалық қасиеттері қарастырылады; **2) физиологиялық әдіс** немесе **соматикалық әдіс** арқылы дыбыстардың жасалуына қандай мүшелер қалай қатысып тұрғаны, оның артикуляциялық ерекшеліктері айқындалады.

Бұл әдістердің әрқайсысы пайдаланылатын құралдың (аппараттың) түріне қарай іштей бірнеше әдіске ажырайды. Сонда: **Акустикалық әдіс: 1. Кимографтық әдіс; 2. Осциллограф-тық әдіс; 3. Спектрографтық әдіс. Соматикалық әдіс: 1. Палатографтық әдіс; 2. Рентгенограф-иялық әдіс; 3. Кинофотога түсіру әдісі.** Эксперименте фонетика қазақ тіл білімінде де кең қолданылуда.

Зерттеу объектісіне қарай **жалпы фонетика** және **жеке фонетика** болып екі салаға бөлінеді. Жалпы фонетика тіл білімінің жеке бір саласы ретінде адамның сөйлеу аппаратының дыбыстық мүмкіндіктерін айқындайды. Тіл дыбыстары классификациясының негізгі принциптерін белгілеп береді. Жалпы фонетика - ғылымының басқа салаларымен, акустикамен, физиологиямен және психологиямен тығыз байланысты.

Академик Щербаның айтқанындай : «Жалпы фонетиканы акустика, физиологиядан да басқаша, лингвистикалық айрықша пән ретінде бөліп қарау және оны тіл дыбыстарының, адамдардың тілдік қатынас жасау процесінде атқаратын қызметіне орай әлеуметтік ғылымдардың қатарында қарау керек» (М.В.Щерба. Таңдамалы шығармалары, Л.Г.У. 1958ж.).

Жеке фонетика белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Осы зерттеу негізінде сипаттама фонетика пайда болады. Сипаттама фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады. Фонеманың жүйесін және олардың өзара ішкі байланысын белгілеп, айқындайды. Қазақ тілі фонетикасының зерттелу тарихына өз үлесін қосқан бірнеше ғалымдарды айтуға болады. Мәселен: Н.И.Ильминский, Л.З.Будагов, В.В.Радлов, А.Байтұрсынов, Ә.Жүнісбеков, К.Аханов, Ж.Аралбаев, Н.Сауранбаев, Н.Оралбаева, С.Мырзабеков, М.Томанов, Б.Қалиев, М.Джусупов, т.б.

Дыбыстардың акустикалық қасиеттері.

Сабактың жоспары.

1. Дыбыстардың акустикалық ерекшеліктері жайлы.
2. Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері туралы
3. Дыбыстау мүшелері жайлы.

Дыбыстың жасалуы. Дыбыс атаулының қандайы болса да серпінді (соғылмалы) заттың вибрациялық қимылынан пайда болады. Тілдегі дыбыстар да – күрделенген вибрациялық қимылдың нәтижесіннен өзінің ырғағы, күші, әуеніне қарай дыбыстар әр түрлі болады. Тілдегі дыбыстардың түрлерін, кейбір қасиеттерін : олардың **ырғағы, күші, әуеніне** қарай білуге болады.

Дыбыс ырғағы деп бір секунд ішіндегі дірілдің мөлшеріне байланысты құбылысты айтады. Дірілдің саны неғұрлым көбейсе, дыбыстың ырғағы соғұрлым өсіп күшейе береді. Ал, дірілдің саны азайған сайын дыбыс ырғағы солғындап, әлсірей береді. Біз жоғарыда діріл түрліше болып келеді дедік. Діріл, өзінің қимылына қарай екіге ажыратылады: 1. Ритмикалық діріл. 2. Ритмикалық емес діріл. Сондай-ақ, дыбыстардың жасалуы үшін резонанс құбылады да (бұл сөз француз тілінің резонанс-жаңғырық деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин) айрықша қызмет атқарады.

Дыбыс күші бір секунд ішіндегі дірілдің қарқынымен байланысты. Неғұрлым діріл қарқыны (амплитудасы) көбейген сайын, соғұрлым дыбыс күші ұлғая түседі. Дыбыс күші, діріл амплитудасы көбейген сайын, дыбыс жіңішке (ащы) шығады да, керісінше, кеміген сайын дыбыс жуан (солғын) шығады. Дыбыс күшіне қарай тілдегі лепті (динамикалық) екпіннің сырын білуге болады.

ДЫБЫСТАУ МҮШЕЛЕРІ. (Сөйлеу аппараттары)

Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның шығуынан жасалады. **Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы сөйлеу аппараты деп аталады**(аппарат- мүше деген сөз). Қазақ тіліндегі дыбыстау мүшелері, негізінен мыналар: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, таңдай, ерін, тіс т.б. Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың бойына орналасқан. Дыбыстау мүшелері дыбыс шығару қасиеттеріне қарай негізінен үш топқа бөлінеді :



Тыныс мүшелері

Тыныс мүшелерінің бастысы - өкпе. Өкпе қолқамен ұштасады. Қолқа екі тарамданып, жоғары жақтан кеңірдекпен жалғасады. Өкпе көрік секілді. Бірде ауаны сыртқа жібереді, яғни экспирация жасалады. Ал бірде ауаны ішке тебеді, яғни инспирация жасалады. Ауаның кеудеге енуі өкпенің аясын кеңейтеді, ол ауаның кеудеден шығуы өкпенің аясын тарылтады. Тілдегі дыбыстар өкпедегі ауаның сыртқа шығуымен байланысты жасалады.

Тамақ мүшелері

Тамақ мүшелерінің бастысы – дауыс шымылдығы. Тамақ – кеңірдектің кеңейген жоғары тұсы. Тамақтың сырт жағында жұтқыншақ, ал іш жағынан дауыс шымылдығы болады. Кеңірдектің арт жағында өңеш болады. Тамақ пен кеңірдек – ауа, дыбыс жүретін

жол. Өңеш – тамақ жүретін жол. Тамақтың іш жағында қабаттасып жатқан екі пар бүршіктің сыртқы екеуі жалған дауыс шымылдығы болса, ал астыңғы екеуі нағыз дауыс шымылдығы болып табылады. Дауыс шымылдығының арасы дауыс түтігі деп аталады. Дауыс шымылдығы ауаға тосқауыл жасайды. Ол кейде керіліп, кейде жиырылып тұрады. Дауыс шымылдығы керіліп тұрса, діріл пайда болады. Сөйтіп, онда үн болмайды, үн де шықпайды. Үнділерді айтқанда дауыс шымылдығы жиірек дірілдейді. Ал, ұяндарды айтқанда сирегірек. Қатаңда діріл болмайды.

Қуыс мүшелері

Қуыс мүшелері қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: Тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы. Тамақ қуысы жоғарыда айтқандай тамақтың жоғары жағында, ауыз қуысының арт жағында болады. Тамақ қуысының жиырылуынан салдыр пайда болады. Тамақ қуысы дауыстылардың әуенін жасауға қатысады. Ауыз, мұрын қуысы да дыбыстарға жаңғырық қосып, резонаторлық қызмет атқарады. Ауыз қуысындағы мүшелер: бұл мүшенің бастысы – тіл. Тіл өте жылжымалы келеді. Ауыз қуысындағы өзге мүшелерге қақтығысып ілгері – кейін жүйткіп отырады. Тіл қимылы арқылы жуан, жіңішке дауысты дыбыстар жасалады. Тіл мен тістің қимылы арқылы т,д дыбыстары жасалады. Мысалы: **қ, ғ, к, г** сияқты тіл арты дыбыстары жасалады. Ауыз қуысындағы мүшелердің бірі – ерін. Дыбыстарды шығаруда үстіңгі еріннен гөрі астыңғы еріннің қызметі мол. Ерін қызметі арқылы еріндік дауыстылар жасалады. Мысалы: **о, ө, ұ, ү, у**. Сондай-ақ дауыссыз дыбыстар да жасалады. Мысалы: **б, м, п**. Ауыз қуысындағы тағы бір мүшенің бірі – таңдай. Дыбыстардың жасалу орнына қарай бұл мүше үш топқа бөлінеді:

1. Алғы таңдай.
2. Орта таңдай.
3. Артқы таңдай.

Алғы таңдай

Үстіңгі күрек тіс тұрған қызыл иекпен (альвеолмен) ұштасады. **Дауыссыздар альвеол арқылы көп жасалады.** Артқы таңдай кішкене тілмен жалғасады. Кішкене тілдің екі түрлі қызметі бар: 1. Кішкене тіл ауыз жолын бөгейді. Мұнда іштен шыққан ауа мұрын жолы арқылы өтеді, яғни м, н, ң дауыссыздары жасалады. Іштен шыққан ауаны фонациялық ауа деп атайды. 2. Кішкене тіл мұрын жолын бөгейді. Онда фонациялық ауа ауыз жолы арқылы өтеді. Ауыз қуысы бірде тартылып, бірде керіліп тұрады. Мұндай кезде иектің қызметі мол. Иекпен ұласып жатқан мүше – тіл. Ол кейде төмен түседі. Онда ауыз мол ашылады. Ал, иек жоғары көтерілсе, ауыз тар ашылады. Тіліміздегі дауыстылар ауыздың кең және тар ашылуына байланысты ашық және қысаң дауыстылар болып екіге бөлінеді. Мұрын қуысы арқылы көбінесе үнді дауыссыздар жасалады. Үнді дауыссыздардың жасалу орны ауыз қуысы боланмен фонациялық ауа мұрыннан шыққандықтан оларды мұрын жолды үнділер дейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметі кейде актив, кейде пассив болады. Актив мүшелер жылжымалы келеді. Ал пассив мүшелер онша көп әрекет жасамайды.

Тіліміздегі дыбыстардың көбі актив мүшелердің қимылынан пайда болады. Дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері. Дауыстылар мен дауыссыздардың айырмашылығы. **Тіл – тілдегі дыбыстар акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай негізінен екі топқа бөлінеді: 1. Дауысты дыбыстар (вокализм). 2. Дауыссыз дыбыстар (консонантизм).**

Дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастырудың тіл білімінде ұзақ, тарихи жолы бар. Тілдегі дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастыруға негіз болатын тірек, олардың акустикалық және физиологиялық жақтары. Дыбыстарды акустикалық тұрғыдан қарағанда дауыстылар мен дауыссыздарды бір-бірінен ажырату музыкальды үн, тон мен салдырға негізделеді. Дауыстыларда үн басым болады да, дауыссыздарда салдыр басым болады. Салдырдың элементтері дауыссыздарда мүлде жоқ деуге болмайды. Кей дауыссыздарда яғни Ұяң дауыссыздарда музыкальды үн (тон) бар. Акустикалық тұрғыдан қарағанда сонар дыбыстарда мәселен: л, р дыбыстарын

дауыссыздар қатарына жатқызуға негіз аз. Себебі сонар дыбыстарда салдыра қарағанда үн басым. Сондықтан да бұлар аралық дыбыстар деп аталады. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың мына тәрізді физиологиялық ерекшеліктері бар:

1. Дауысты дыбыстарды айтқанда фонациялық ауа кедергіге ұшырамай, тосқауылсыз, еркін шығады.
2. Дауысты дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелеріне күш түспей, оның қалпы жайдары болады.
3. Дауысты дыбыстарды айтқанда фонациялық ауа баяу, лепсіз шығады.

Дауысты дыбыстардың құрамы



Қазіргі қазақ тілінде тоғыз (9) жалаң дауысты дыбыстар (монофтонг) бар. Олар мыналар : **а, о, ә, е, ө, ы, і, ұ, ү**. Сондай-ақ екі қосынды дауыстылар да бар (дифтонг). Олар мыналар : **и және у** дыбыстары. Дауысты дыбыстардың халықаралық термині вокализм деп жүргізіледі. Қазіргі қазақ тілінде дауысты дыбыстар еріннің қызметіне қарай екіге бөлінеді : 1. Еріндік дауысты дыбыстар : **о, ө, ұ, ү, у**. 2. Езулік дауысты дыбыстар : **а, ә, е, ы, і, (и, э)**. Езулік дауысты дыбыстарға қосарлы и дыбысы да кіреді. Сондай-ақ орыс тіліндегі **э** дыбысы да енеді. Дауысты дыбыстардың былай бөлінуі еріннің артикуляциялық ерекшелігіне байланысты болады. Дауысты дыбыстар еріннің қызметіне қарай бөлінгенде, оның мынадай екі түрлі ерекшелігі ескеріледі:

1. Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін алға қарай сүйірленеді.
2. Еріндік дауыстыларды айтқанда ерін дөңгеленіп бітеді. Осы екіартикуляциялық қызметінің нәтижесінде **о, ө, ұ, ү, у** дыбыстары жасалады. Езулік дауысты дыбыстарды айтқанда езудің мына сияқты артикуляциялық қызметі айқындалады. Езулік дауысты дыбыстарды айтқанда ерін кейін тартылады, езулік дауысты дыбыстарды айтқанда езу жиырылады. Соның нәтижесінде мынадай езулік дауыстылар жасалады: **а, ә, ы, і, е, (э) и**. Біз жоғарыда дыбыстау мүшелерінің қимылына қарай дауысты дыбыстар үш топқа бөлінеді дедік :

1. Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай бөлінеді.
2. Дауысты дыбыстар иектің (жақтың) қатысына қарай бөлінеді.

3. Дауысты дыбыстар тілдің қалпына қарай бөлінеді.

Дауысты дыбыстар тілдің қалпына қарай жуан (гutturаль) және жіңішке (латраль) болып бөлінеді. Жуан дауыстыларға: **а, о, ы, ұ, (у)** дыбыстары жатады. Жіңішке дауыстыларға **ә, ө, і, ү, е, (э), (ү)** дыбыстары жатады.

Тілдің арты таңдайға қарай жиырылып, бүктеліп жатуынан жуан дауыстылар жасалады. Ал, тілдің таңдайдың алдыңғы жағына жуықтай айтылуынан жіңішке дауыстылар жасалады. Біз жоғарыда жақтың ашылуына байланысты дауыстылар екіге бөлінеді дедік. Жақтың ашылуына қарай ашық және қысаң дауыстылар болып екіге ажыратылады. Ашық дауыстыларға : **а, ә, о, ө, е (э)** дыбыстары кіреді де, қысаң дауыстыларға **ы, і, у, ұ, ү, и** дыбыстары кіреді. Ашық дауыстылар жақтың кең ашылып, иектің төмен түсуінен жасалады. Ал, қысаң дауыстылар жақтың тар ашылуынан жасалады. Сондай-ақ дауыстылардың аралық белгілері де бар.

Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың аралығындағы дыбыстар **о, ө, ы** дыбыстары. Дауысты дыбыстардың көбі ашық дауысты мен қысаң дауысты дыбыстардың арасынан орын алады. Бұл сияқты аралық дыбыстар не ашық, не қысаң дауысты дыбысқа бейімделуіне қарай 2 топтың біріне шартты түрде телінеді. Дауысты дыбыстардың еріннің қатысуына қарай бөлінуі **еріндік дауысты дыбыстар**.

Еріндік дауысты дыбыстарға о фонемасы жатады. О фонемасы еріннің дөңгеленуі арқылы айтылатындықтан ерін дауыстысы деп жүргізіледі. Бұл фонеманы айтқанда иек а-ны айтқаннан гөрі жоғарырақ көтеріледі де, ы-ны айтқандағыдан гөрі төменірек түсіп, ауыз кең ашылып тұрады. Ауыз ашылу қалпы жағынан ерінге жуық айтылады да, біраз тіл кейін жиырылып тұрғандықтан о жуан дауысты болып айтылады. О фонемасы қазақ сөздерінің соңында кездеспейді, сөз басында, ортасында ұшырайды. Мысалы : орақ, отан, қол, сол, Шолпан, қолқанат т.б.. Бірақ интернационалдық сөздердің қай буынында болса да келе береді, сөз соңында ұшырайды. Мысалы : кино, пальто, Бюро т.б. О фонемасының жіңішке сыңары ө фонемасы. О-ның жіңішке сыңарын корреляция деп атайды, о фонемасы тілдің ілгері жылжып жатуынан пайда болады. Ал ерін мен иек артикуляциясы жағынан о мен ө біркелкі жасалады. Яғни қос еріннің алға қарай сүйірленіп, дөңгеленуінен жасалады. Ө фонемасының жіңішкелігі е тәрізді болып келеді. Ө фонемасы сөздің бас буынында, ортасында келе береді де, ал соңында қазақ сөздерінде де кездеспейді. Мысалы : өрік, өлке, өнер, төс. Ө фонемасы өзінен кейін келген е фонемасының айтылуында ө-ге ұқсата жымдасады. **Мысалы:** өте сөзі өтө түрінде айтылады: төте-төтө, көсем-көсөм, күрек сөзі күрек түрінде айтылады т.б.

Ерін дауыстыларының тағы бір түрі-ұ фонемасы. Ұ фонемасы да ерін фонемасының қатарына кіреді. Бұл фонеманы айтқанда ерін фонемасының айтқаннан гөрі сәл сүйірленіп тұрады. Бірақ тіл артикуляциясы жағынан о фонемасынан айырмасы жоқ. Бұл да жуан дауыстыларға жатады. Акустикалық жақтан қысаң дауысты дыбыс. Себебі жақтың болар-болмас ашылуы арқылы жасалады. Сондай-ақ иектің жоғары көтерілуінен, ауыздың тар ашылуынан пайда болады.

Қазақ сөздерінің бас буынында, ортасында келе береді. Соңында ешқашан кездеспейді. Мысалы: ұ мен ұрық, құлын, жұлын т.б. Ұ фонемасы сөз ішінде екінші буында келгенде тетелес тұрған ұ фонемасының ықпалымен ы дыбысы айтылуында ұ болып естіледі. Мысалы: Құлын-құлун, құлық-құлұқ т.б. Ерін дауыстылардың тағы бір түрі - у фонемасы. У фонемасы ұ фонемасының жіңішке түрі (корреляциясы). Бұл у фонемасы да қос еріннің алға қарай дөңгелене барып, сүйірленуі арқылы жасалады. Осы у фонемасы сөздің басында, ортасында кездеседі де, сөз аяғында ұшырмайды. Мысалы: үкі, үміт, үкімет, түзім, жүзік т.б. У-фонемасы өзінен кейін келген езулік дауысты дыбысты нақ өзіндей еліктіреді. Мысалы: жүзік сөзі айтылуда жүзүк түрінде айтылады.

Езу дауыстылары

Жоғарыда айтқандай езу дауысты дыбыстарды айтқанда езудің қимылы ерекше болады. Осы езу дауыстыларына а фонемасы жатады. Бұл а фонемасы дауыстылардың

ішіндегі мейлінше ашық айтылатын дыбыс болып табылады. Осындаға а фонемасы иектің төмен түсуі аркалы дыбысталады. Жасалау орны жағынан тілдің кейін жиырылуынан пайда болады. Бұл дауысты дыбысты айтқанда ерінің сүйірленбей, керісінше тартылуы аркалы дыбысталғандықтан езу дыбысы деп аталады.

Осы а фонемасы қазақ сөздерінің барлық ішінде (позициясында) яғни басында, ортасында, аяғында келе береді. Мысалы: ана, дала, қала т.б. Сондай-ақ а фонемасы көп буынды сөздегі біркелкі келген а фонемасы екінші буында күңгірттеу естіледі. Мысалы: балалар, шағалар. Осы сөздердің екінші буынындағы а өзге буындағы а дыбысына қарағанда күңгірттеу естіліп тұр. Бұл фонема түбір тұлғалы сөзде де, туынды тұлғалы сөзде де кездесе береді. Мысалы: қала, бала, қалалар. Мұнда көптік жалғауында кездесіп тұр. Сондай-ақ а фонемасы септік жалғауында да кездеседі. Мысалы: қалаға, далаға, қолына барыс септігінде, жатыс септігінде қалада, қалаңнан. Қазақ тіліндегі негізгі морфемада, яғни түбір сөзде а фонемасы кейде ә дыбысымен ауысып отырады. Мұндайда ол фонемалық қасиетке ие болады. Мысалы: мына сөздерді салыстырып қараңдар: ал-әл, сат-сәт т.б. а фонемасы қосымшаларда да е фонемасымен ауысып отырады. Мысалы: колхоздар, сөздер, тауа-үйге, тауда-үйде.

Ә фонемасы, бұл а фонемасының жіңішке сыңары. Бұл а-дан жасалу жағынан ажыралады. Мысалы: а фонемасы тілдің кейін жиырылуы арқылы жасалса, ә фонемасы тілдің ілгері созылуы арқылы айтылады. Ә фонемасы қазақ тілінде сирек кездеседі. Көбінесе сөздің бас буынында ұшырайды. Мысалы: әскер, әсем. Ә фонемасы ш, ж, й дыбыстарымен тетелес ә дыбысына айналып айтылады. Мысалы: жай-жәй, шай-шәй.

Езу дауыстылардың тағы бір түрі –е (э) фонемалары. Е фонемасы ауыздың орта шамамен ашылуынан, яғни тіл мен иектің шамалы төмен түсуінен пайда болады. Бұл фонема өзінің жіңішкелігі жағынан ә-ге жуық айтылады. Басқаша айтқанда тілдің алға қарай созылуы арылы айтылады. Еріннің сүйірленбей, дөңгеленбей тартылуы арқылы айтылғандықтан е фонемасы езу дыбысы деп жүргізіледі.

Грамматикалық тұлғада е фонемасы, а фонемасына комбинаторлық түрде ауысып отырады:

а фонемасы : қалалар,	е фонемасы : көлге,
е фонемасы : кемелер,	а фонемасы : қалада,
а фонемасы : ауылға,	е фонемасы : көлде.

Сондай-ақ бұл фонема сөздің барлық буынында кездесіп отырады. Е фонемасы түбір сөзде де, қосымшаларда да кездесе береді. Мысалы: кеме, кемеге, кемелер, бұл фонема жұрнақтарда да кездеседі. Мысалы: сөзшен, сүзеген, көрпеше.

Сондай-ақ бұл фонема жалғауларда да ұшырайды, көптік жалғауында кездеседі. Мысалы: сөздер, етіктер т.б.

Езу дауыстылардың тағы бір түрі – ы фонемасы. Бұл фонема тіл мен иектің жоғары көтерілу қалпынан жасалады. Ауыз қуысының тарлау ашылып барып жасалуынан бұл фонема құлаққа келте естіледі. Сондықтан да ы фонемасы акустикалық жақтан қысаң дауыстылар тобына кіреді. Бұл фонема қазақ тілінде өте жиі кездесіп отыратын дыбыстардан саналады. Бірнеше дауыссыздан басталған не бірнеше дауыссызға біткен интернационалдық сөзде де не ол сөздің алдынан, не ортасынан, не аяғынан ы фонемасы дәнекер болып, жапсырылып отырады. Мысалы: тротуар – тыротуар, станция – ыстанция.

Ы фонемасы қазақ сөздерінің барлық буынында келе береді. Түбір сөзде де, қосымшалы сөзде де өте жиі кездесіп отырады. Ы фонемасы жұрнақтарда да кездеседі. Мысалы: қалалық, балалық. Сондай-ақ жалғауларда да кездеседі. Мысалы: ілік септікте - қаланың, табыс септікте – қаланы, тәуелдік жалғауда – қалаңыз, қаласы, жіктік жалғауда – колхозшысыз, барамыз.

Қазақ тілінде р, л дыбыстарынан басталатын сөздер өте сирек болғандықтан ауызекі тілде бұлардың алдынан жуан ы және жіңішке і селбесіп отырады. Мысалы: рахмет, лайық сөздері ырахмет, ылайық болып айтылады. Езу дауыстылардың тағы бір түрі – і фонемасы.

І – фонемасы ы дыбысының жіңішке сыңары. Бұл фонема тілдің артқа қарай жүйткүі арқылы жасалады. І – фонемасы сөз ішінде келуі , тәртібі жағынан да , интернационалдық сөздерде дәнекер қызметін атқарады. І фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында, ін, іс, аяғында келе береді : іні, түгін, бүгін т.б.

Түбір сөздерде алғашқы еріндік дауысты дыбыстардың әсерінен кейінгі буындағы і фонемасы айтылуда еріндік дауысты дыбысқа айналады. Мысалы : өрік, түгін, сөздері өрүк, түгүн болып айтылады.

Дифтонгоид дауыстылар

Қазірі қазақ тілінде басқа түркі тілдері сияқты қосынды (дифтонгоид) дауыстылар бар. Осы дифтонгоид дауыстылар мыналар: у және и. Бұл фонемалар қосынды дыбыстардың орнына жұмсалады. Мысалы: бу, буын-бұу, бұуын, ту, уу сияқты сөздерде у дыбысы ұу дыбыстарының орнына қолданылады. Дауыссыз дыбыстан кейін келіп, дауысты фонемаға айналады. Сондай-ақ и қосынды жуан ый және қосынды жіңішке ій дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: жиналыс, Иса, тиын сөздерінде и дифтонгоид дыбысы жуан ый дыбыстарының орнына қолданылып тұр. Сондай-ақ и фонемасы жіңішке ій дыбыстарының орнына жұмсалады. Сондықтан бұл у және и дыбыстарын қосынды дыбыс немесе дифтонгоид дауыстылар деп атайды. Бұл дифтонгоид дауыстыларға тек .

Дауыссыздардың артикуляциялық ерекшеліктері

Сабақтың жоспары.

1. Дауыссыздардың артикуляциялық ерекшеліктері.

2. Үнді дауыссыздар туралы.

Дауысты дыбыстардың ерекшелігі сияқты дауыссыз дыбыстардың да негізгі мынадай қасиеттері болады:

1. Дауыссыз дыбыстар фонациялық ауаға (іштен шыққан ауаға) кедергіге ұшырап, тосқауылмен айтылады.

2. Тосқауылдан өту кезінде дыбыстау мүшелеріне күш түседі.

3. Фонациялық ауаның шығу арыны күштірек болады.

4. Дауыссыздар ән салуға келмейді.

5. Дауыссыздар буын құрай алмайды.

Дауыс шымылдығы жағынан дауысты дыбыстарға таяу дыбыстар - үнді фонемалар. Қазіргі қазақ тілінде мынадай 26 дауыссыз дыбыстар бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), һ, ф, х, ц, ч, ш, щ, қ, ң. Осы тізімдегі в, ф, х, ц, ч, -қазақ тіліне орыс тілі әсері арқылы енген фонемалар. Қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалар өзінің негізгі қызметіне қарай бұрынше топқа бөлінеді. Олар негізінен мыналар :

1. Дауыссыз фонемалар дауыс қатысына қарай 3 топқа бөлінеді :

1. Үнді фонемалар (сонарлар): м, н, ң, р, л, (у), й.

2. Ұяң фонемалар : б, в, г, ғ, д, ж, з, һ.

3. Қатаң фонемалар : п, ф, с, т, ц, ч, ш, щ, қ, к, х .

Сонар дыбыстарды үнді фонемалар деп атайды. Өйткені үнділерді айтқанда дауыс басым болады да, салдыр кем болады. Сондықтан үнді дауыссыздар деп атайды. Ал, ұяң және қатаң фонемаларды үнсіздер деп жүргізеді. Мұнда дауыс қатыспайды. Салдыр басым болады. Мәселен : ұяңдарды айтқанда дауыстан гөрі салдыр басым болады. Ал, қатаң дыбыстарды айтқанда дауыстың қатысы болмайды. Қатаң мен ұяңның дауыс қатысы жағынан айырмасы үш түрлі жолмен ажыратуға болады.

Үнсіздердің бірін айтып жұтқыншаққа саусақты тигізгенде, аздап діріл пайда болса, ұяң дыбыс болады да, ондай діріл сезілмесе қатаң дыбыс болады. Сондай— ақ екі құлаққа екі саусақты қойып, үнсіз дыбыстардың бірін қаттырақ айтқанда жаңғырық естілсе ұяң дыбыс болады да, ондай жаңғырық естілмесе қатаң дыбыс болады. Сонымен бірге ауызға алақанның сыртын тосып, үнсіз дыбыстарды айтқанда ауа лебі қарқынды шықса қатаң болады да, қарқынсыз шықса ұяң болады. Сондықтан **қатаң дыбыстарды қарқынды**

немесе лепті фонема деп атайды да, ұяң дыбыстарды қарқынсыз немесе лепсіз фонема деп жүргізеді.

2. Дауыссыз фонемалар айтылу жолына қарай 2 топқа бөлінеді :

1. Шұғыл фонемалар (эксплозив). Оларға мынадай дыбыстар жатады : п, б, т, д, к, г, қ, ч, ц.
2. Ызың фонемалар (фрикатив). Оған мынадай фонемалар жатады : ф, в, с, ғ, ш, щ, х, з, ж, һ . Осы дауыссыздардың айтылу жолына қарай бөлінетін топтарын үнсіздерге жатқызуға болады. Сондықтан да айтылу жолына қарай үнсіздердің бір тобын шұғыл, бір тобын ызың деп ажыратуға болады. Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелерінің өзара біріне-бірі жабысып (имплозия) , содан соң іле-шала кілт ажырап кетуінен (эксплозия) фонациялық ауа лық етіп шұғыл үзіліп шығады. Осындай фонемаларды шұғыл немесе үзілмелі, сондай-ақ жабысыңқы фонемалар деп атайды. Ал, ызың (фрикатив) фонемаларды айтқанда дыбысталу мүшелерінің жуысуынан фонациялық ауа шұғыл шықпайды. Керісінше, үзіліп, ызыңдап шығады. Осыған орай дыбыс пайда болады. Ауаның осылай шығуынан пайда болған фонемаларды ызың, сүзілмелі немесе жуысыңқы фонемалар дейді.

Шұғыл фонемаларды айтқанда ауа үзіліп шыққандықтан бұларды үздікті деуге де болады. Ал, ызың фонемаларды айтқанда ауа үзілмей шыққандықтан бұларды үздіксіз фонемалар деп айтуға болады.

Жасалу немесе артикуляциялық орнына қарай дауыссыз фонемаларды 8 топқа бөлуге болады. Олар негізінен мыналар:

Ерін фонемалары (билабиаль). Олар : п, б, м, (у).

Тіс пен ерін фонемалары (лабиаль-денталь)—ф, в.

Тіс фонемалары (денталь) : т, с, з, д, ц.

Тіл ұшы фонемалары (альвеоляр) : н, л, ч.

Тіл алды фонемалары (палатоль) : р, ш, ж, й, щ.

Тіл ортасы фонемалары (преполаталь) : к, г.

Тіл арты фонемалары (веляр) : қ, ғ, ң, х.

Көмей фонемасы (фарингаль) : һ.

Сонымен үнсіздер туралы мынадай қорытынды пікір айтуға болады. Аздап дірілі, жаңғырығы бар қарқынсыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар деп атайды. Ал, жаңғырығы жоқ, қарқынды күшті дауыссыздар қатаң дауыссыздар деп аталады.

Үнді дауыссыздар

Үнді дауыссыздар деп аздап үні бар фонемаларды айтады. Аздап үні бар деген сөз үнді дауыссыздардың дауысты дыбыстарға жататындығын көрсетеді. Сондықтан да үнді дауыссыздар – дауысты дыбыстарға жақын дыбыстар. Осы дыбыстарға жеке-жеке талдау жасайық. Үнді дауыссыздарға р фонемасы кіреді. Р фонемасы тіл ұшы альвеольға нық тиіп, фонациялық ауа өте қарқынды шығу рақылы жасалады. Сөз ортасында р фонемасы бір рет дірілдейді де, ол сөз аяғында екі рет дірілдейді. Сондықтан да бұл фонеманы вирациялық (діріл) дыбыс деп атайды.

Р фонемасы сөз басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Мысалы: рахмет, Жарас, қарар . Сондай-ақ, рас, рахмет, рай, рет, рұқсат сөздерінің алдында ы, і және ұ дыбыстары селбесіп айтылады. Мысалы: рахмет-ырахмет, рас-ырас, т.б., яғни өзге тілден ауысқан сөздердің р-дан басталуға тиісті сөздерінің алдынан ы немесе і дыбыстары қосылып, протеза жасалып отырылады. Ал, орыс тілі арқылы енген сөздерге р фонемасы сол күйінде айтылып, жазылады. Мысалы: ракета - ракета т.б.

Үнді дауыссыздарға л фонемасы да кіреді. Л фонемасын айтқанда тіл ұшы альвеольға бір тегіс, кесекөлденендеп тиеді. Осы дыбысты айтқанда имплозия басым болуы себепті фонациялық ауа тілдің екі жағын ала шығады. Сондықтан да л фонемасын олтераль (бүйір) фонемасы деп жүргізеді. Қазақ тілінде бұл фонеманың көп ұшырайтын жері – сөз ортасы мен сөз аяғы. Ал, сөз басында сирек кездеседі. Мысалы: лас, лай, лақ, лашын, сала т.б. Л фонемасы септік жалғауларында кездеседі. Мысалы: ілік септік : бұның, соның,

барыс септік: бұған, соны, табыс септік: бұны, сонны. Жатыс септіп: бұнда, сонда. Сондай-ақ бұл сілтеу есімдіктері жоғарыда айтқандай түрліше септеледі екен. Л фонемасы анықталғыш сөз алдында да кездеседі. Мысалы: ол-кісі, бұл-кісі, сол-кісі. Ал, ауызекі тілде кей уақыт: ол, бол сияқты етіктердің соңғы л дыбысы түсіріліп қалып, алсайшы, болсайшы деудің орнына асайшы, босайшы деп л түсіп қалып айтылады.

Үнді фонемаға й дыбыс да кіреді. Й фонемасы тғы таңдайға жүйткеуінен пайда болады. Бұл фонеманы айтқанда екі дыбыстау мүшесі өзге дауыссыздарда бір-біріне жуысып та, жабысып та айтылмайды. Қазақ тілінде й фонемасы үнемі дауысты дыбыстан кейін келеді. Сондықтан да сөз аяғында кездеседі. Мысалы : той, сай, бай, қой. Сөз ортасында сый және тый сөздерінен өрбіген тыйым, сыйым сөздерде ғана ұшырайды.

Түркі тілдерінің қазақ тілінен айырмашылығы сөз басындағы й үнемі ж-ға айналып отырады. Йаман-жаман, йуқ- жоқ. Сондай-ақ й фонемасы түбір сөзде де, туынды сөзде де келе береді. Мысалы: ай, әй, ой, өй смякты дыбыс комплексі қазақ тілінде заңды қағида болып келеді. Й фонемасы дауысты дыбыстың алдынан келсе көрінген дауыстымен көрші рұра алмайды. Йа, йе тәрізді комплекстер тілімізде жиі ұшырайды. Мысалы : таяқ, саяқ, дайын. Сондай-ақ ұй, үй комплексі тым сирек ұшырайды, мысалы: абруйыр, әбүйір т.б.

Үнді фонемаларға у дыбысы да кіреді. У фонемасы интервокаль позицияда және ашық дауыстыдан кейін де, бұрын да тұрып, таза үнді болады. Бұл үнді у фонемасы екі еріннің азын-аулақ дөңгелене келіп, сүйірленуінен пайда болады. Сондықтан бұл фонема ерін үнділеріне кіреді. У фонемасының негізінен мынадай ерекшеліктері бар, ол төмендегідей позицияда келгенде дауыссыз, үнді фонемаға айналады:

У фонемасы дауыстының алдында тұрғанда үндіге айналады. Мысалы: уақыт, уәде, уәзір т. б.2.У дыбысы екі дауыстының ортасында келгенде үндіге айналады. Мысалы: жауап, сауап, қауіп т.б.У дыбысы дауыстыдан кейін келгенде үндіге айналады. Мысалы: тау, бау, сау, жеу т.б.У фонемасы сөз басында, ортасында және соңында келе береді. Осы у фонемасын айтқанда фонациялық ауа ауыз қуысы рақылы шығады. Сондықтан у фонемасы және р, л, й дауыссыздары ауыз жолды үнділер деп аталады. Үнді фонемаларға н фонемасы да жатады.

Н фонемасы тіл ұшы альвеольға тию арқылы жасалады. Бұл екі мүшенің бір-біріне нық тиюі арқылы фонациялық ауа мұрын қуысы бойынша өтеді. Сондықтан н дыбысы мұрын жолды үнді деп аталады. Қазақ тілінде н фонемасы сөз басында, ортасында және сөз аяғында кездесе береді. Мысалы: наң, наз, намыс, Анар, Жанар т.б.Н фонемасы ілік септікте кездеседі. Және табыс, шығыс, көмектес септіктерінде де кездеседі. Мысалы: баланың, баланы, баладан, баламен, күннен, іннен т.б.

Үнді фонемалардың тағы бір түрі – М дыбысы. М фонемасын айтқанда екі ерін бір-біріне нық тиіп, жымдасады. Фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан бұл фонеманы мұрын жолды үнді дейді. Бұл фонема да қазақ сөздерінің барлық жерлерінде басында, ортасында, соңында кездесе береді. Мысалы: мұрын, мол, намыс т.б.

Мфонемасы жұрнақтарда да, шылау сөздерде де, жалғауларда да кездесе береді. Мысалы: Тәуелдік жалғауы: балам, үнім, күнім т.б. Жіктік жалғауы: баламын, адаммын т.б.

Көмектес септікте: баламен, қармен, адаммен т.б. Үнді фонемалардың соңғысы Ң дыбысы.

Ң дыбысы тіл арты таңдайға нық тиюі арқылы жасалады. Кішкене тіл төмен түсіп, ауыз жолын кептеп тұрғандықтан фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан мұрын жолды дейді. Ң фонемасы сөз іші мен сөз соңында ғана кездеседі. Мысалы: маңай, маңдай, аңқай т.б.

Эксплозив, фрикатив фонмалар.

Сабақтың жоспары:

1. Эксплозив фонемалар туралы.
2. Фрикатив фонемалар туралы.

3.Аффрикат дыбыстар туралы.

Эксплозив фонемалар (шұғыл дауыссыздар). Шұғыл дауыссыздар деп дыбыстау мүшелерінің өзара біріне – бірі жабысып, кілт ажырап кетуінен пайда болған дауыссыздарды айтамыз. Шұғыл фонеманың басты түрі-б, п дыбастары. Бұл б, п фонемалары екі еріннің бір-біріне нық тиіп, сонан соң бірден кілт ашылып кетуінен жасалады. Бұл екі фонеманың негізгі айырмасы мынадай: б-ұяң фонема, ал п-фонемасы қатаң. Б фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі, ал сөз аяғанда бұл фонема мүлде кездеспейді. Мысалы: бала, балық, бөбек, бауыр, табан, табыс т.б. Сөзде сөз басында және сөз ортасында келіп тұр.

Ал, п фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында және аяғанда кездеседі. Мысалы: пән, парасат, балапан, шопан т.б. деген сөздерде п фонемасы сөздердің басында, ортасында, аяғында келіп тұр. Орыс тілі арқалы енген сөздерде б фонемасы сөз аяғында кездесе береді. Мысалы: клуб, штаб деген сөздерде сөз соңында келеді де, айтылуда б дыбысы п дыбысына айналып естіледі. Сондай-ақ п дыбысына біткен етістік сөздерді көсемшенің –ып, іп тұлғасына айналдырсақ, түбірдегі п дыбысы у дыбысына айналып айтылады. Мысалы: тап-тауып, теп-теуіп, жап-жауып т.б.

Шұғыл фонемалардың тағы бір түрі -д, т фонемалары. Бұл д, т фонемалары тіл ұшы күрек тістің ішкі жағына нық тиіп, содан соң бұл екі мүшенің кілт ашылып кетуінен жасалады. Сондықтан бұл екі дыбыс та имплозия және эксплозия арқылы жасалады. Бұл д, т фонемаларының негізгі айырмашылғы д дыбысының ұяң болуы мен т дыбысының қатаң болуында. Осы д фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі де, сөз соңында кездеспейді. Мысалы: дауыл, дала, кадам, адам т.б. кейбір қала аттарында д дыбысы сөз соңында келеді. Мысалы: Ашхабад, Самарқанд т.б. Ал, т фонемасы сөздердің басында, ортасында, аяғында кездеседі. Мысалы: табак, табыс, атақ, жатақ, сут, ат деген сөздерде сөз басында, ортасында және аяғында кездеседі. Бұл д, т фонемалары қосымшаларда да жиі ұшырап отырады. Мысалы: Ілік септігі: қаздың, аттың, Табыс септігі: қазды, атты,

Жатыс септігі: қазда, атта, Шығыс септігі: қаздан, аттан.

Д, т фонемалары жіктік жалғауында да кездеседі. Мысалы: көрдім, өттім. Сонымен бірге көптік жалғауларында да ұшырайды. Мысалы: адамдар, хаттар. Шұғыл фонемалардың тағы бір түрі – г, к фонемалары.

Г, к фонемалары тілдің орта шені таңдайдың орта шеніне нық тиіп, көкке тәрізді дыбыстар қатар келсе, алғашқы к дыбысы имплозия болады да, кейінгі к дыбысы имплозия болмайды. Бұл екі к дыбысын созылыңқы айтылып тұрған бір-ақ фонема деп түсінуіміз керек. Бұл тәрізді қасиет өзге шұғыл фонемаларда да кездеседі. Осы г, к фонемасының негізгі айырмасы дауыс қатысына байланысты болады: г ұяң дыбыс та, к қатаң дыбыс. Қазақ тілінде бұл екеуі де тек дауыстылардың жіңішкелерімен ғана қатар тұра алады. К, ә - Кәрім, к, е-керек, к, і-кілт т.б. Бұл г фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі, ал мүлде кездеспейді. Мысалы: гул, бүгін, Гүлсім, Айгүл. Бұл сөздерде сөз басында және сөз ортасында кездесіп тұр. Ал к фонемасы сөз басында, ортасында және аяғында кездесе береді. Мысалы: көл, көз, көктем, әке, көк дегенде сөз басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Осы г, к фонемасы кейбір жұрнақтарда және жалғауларда кездесіп отырады. Мысалы: барыс септігінде кездеседүйге, көлге, бетке, шөпке. Сондай-ақ жіктік қосымшаларында кездеседі. Мысалы: келдік, жүрдік т.б. Шұғыл фонемалардың тағы бір түрі – қ дыбысы. Осы қ фонемасы тілдің артқы шені таңдайдың артқы шеніне нық тиіп сонан соң бұл екі мүшенің бірден ажырап кетуі арқылы жасалады.

Қ фонемасы қазақ сөздерінің басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Мысалы: қол, бағыт, қанат, ақын, ақыл, халық, тарақ. таңдайдың артқы жағына жуықтау арқылы жасалады. Ғ дыбысы қазақ сөздерінің басында, ортасында кездеседі де, соңында кездеспейді. Мысалы: ғажап, жаға, қоға дегенде сөз басы мен ортасында кездесіп тұр.

Ызың фонеманың тағы бір түрі - h фонемасы. Бұл көмей арқылы жасалатын бірден бір фонема. Осы фонеманы айтқанда дауыс шымылдығы өзара өте жуық тұрады. Соның нәтижесінде діріл болмайды. Іштен шыққан ауа сүзіліп шығады. Бұл фонема сөз ортасында және сөз аяғында кездеседі. Мысалы: Гауһар, қаһарман, ah, уһ деген одағай сөз соңында кездесіп тұр.

Буын және оның түрлері. Оның алмасуы мен құрамы.

Сабақтың жоспары.

1. Буынның сипаты және жасалуы.
2. Буынның түрлері.
3. Буынның дыбыстық құрамы.
4. Буын алмасуы.

Қазіргі қазақ тілінің буын мәселесі фонетикалық категория. Сондықтан буынға ерекше мән беру керек. Буын деп фонациялық ауаның қарқынмен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын айтамыз. Әр буында бірден артық дауысты фонема болмайтындықтан, сөз ішінде неше дауысты фонема болса, сонша буын болады. Буын ішіндегі дауыссыздардың экспирациялық күшіне қарай, яғни айтылуына қарай күшті бас дыбыс және күшті соңғы дыбыс болады. мысалы: буынның бас дыбысы да, соңғы дыбысы да, бір түрлі болып келген қак, тұт сияқты сөздердің алғашқы дыбыстары күшті, айқын айтылады да, соңғы дыбыстары әлсіз, осал айтылады. Егер сөз ішінде немесе сөз аралығында имплозив дыбыстар мен эксплозив дыбыстар қатар келсе, бұл екеуінің түйіскен жерінен буын жігі пайда болады. мысалы: көк-ке, ап-пак, тәтті, тәт-ті алып бер - алып пер. осы мысалдарда көпсетілген қатар тұрған біркелкі дыбыстардың алдыңғысы имплозив, кейінгісі эксплозив дыбыс болады.

Буын сөзінің беретін мағынасы. Алдымен **буын** сөзіне түсінік берейікші. Буын сөзінің о бастағы. мағынасы адам сүйектерінің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан аралығы. Осыдан барып көп мағынаға ие болған. (сұрақ-жауап). Баланың буыны қатпаған. Буынып- түйініп отыр. Буын – буыным сырқырап ауырды. т.б.

Ендеше, тіл ғылымында да буын деген ұғым бар екен. Тіл ғылымында буын деген ұғым – сөздердің дыбыстық топқа жіктелген бөлігі. Буын барлық тілге тән нәрсе. Мәселен, орыс тілінде, өзбек тілінде бар. Буынның сипаты және жасалуы.

Біздің сөзіміз айтылуы жағынан ең кішкене бөлшектерге – буындарға ажырайды. Жеке сөздерді айтуда дауыс құйылысы үнемі бір толқынмен шықпайды. Бірқатар сөздерді айтуда үзіліп – үзіліп шығады. Буын мәселесі – фонетикалық категория. Буын түрлері мен сапасын практикалық жазу тұрғысынан қарауға болмайды. Өйткені айтылудағы буын өлшемі жазылудағы түрімен сай келе бермейді, яғни айтылуда сөз ішіндегі буындардың саны мен сапасы бір түрлі, жазылуда екінші түрлі болып келе береді. Мысалы, айтылуда рас, метр, литр сөздері екі буынды. Сол сияқты, қазақ тілінде екі дауысты қатар келсе, алдыңғысы айтылуда түсіп қалып, ықшамдалып тұрады. Мысалы, келе алмады, айта алмайды т.б. буын саны кемиді. Сондықтан буын өлшеміне негізгі критерий бола алатын-сөздің жазылуы емес, айтылуы.

Фонациялық ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын дейміз (І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі». лексика, фонетика, 260 – 261 бет). Демек, буын экспирация арқылы (өкпедегі ауаны сыртқа шығару арқылы) жасалады. Көп тілдерде (соның ішінде қазақ тілінде) буын жасаушы – дауысты фонема болып есептеледі. Дауысты фонема өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыздарды алып тұрып та буын құрай алады. Әр буында бірден артық дауысты фонема болмайтындықтан, сөз ішінде неше дауысты фонема болса, сонша буын болады.

Буын ішіндегі дауыссыздарды экспирациялық күшіне қарай, айтылуына қарай: **күшті бас дыбыс, күшті соңғы дыбыс** деп, негізінде, екі топқа бөлуге болады. Буын ішіндегі екі дауыссыздың, алғашқысының экспирациясы соңғысынан басым келсе, күшті бас дыбыс (немесе эксплозив дыбыс) болады да, керісінше келсе, күшті соңғы дыбыс

(немесе имплозив дыбыс) болады. Мысалы, буынның бас дыбысы да, соңғы дыбысы да бір түрлі болып келген **қақ, тұт** сияқты сөздердің алғашқы дыбыстары күшті (айқын) айтылады да, соңғы дыбыстары әлсіз (осал) айтылады. Сол сияқты, **гүл, дөң** сөздеріндегі (буындарындағы) **г, д** дыбыстары да күшті айтылып, олар буын бастап тұр; **л, н** дыбыстары әлсіздеу айтылып, буынды аяқтап тұр.

Егерде сөз ішінде немесе сөз аралығында имплозив дыбыс пен эксплозив дыбыс қатар келсе, бұл екеуінің түйіскен жерінен буын жігі пайда болады. **Мысалы:** аппақ (аппақ), көкке(көк-ке), тәтті(тәт-ті), ат дорба (айтылуы-ат-торба), хат тасушы, алып бер(айтылуы-алып-пер). Мысалдарда көрсетілген қатар тұрған біркелкі дыбыстардың алдыңғысы имплозив, кейінгісі эксплозив дыбыс болады: имплозив дыбыс-буынды аяқтаушы дыбыс, эксплозив дыбыс-буынды бастаушы дыбыс. Сөз ішінде(негізгі сөз немесе түбір сөзбен қосымша аралығында), сөз бен сөздәң аралығында мынадай бір түрлі дыбыстар қатар тұра алады: **кк (қаққа, ақ құм), кк (текке, көк күмбез), тт (атта, ат тұса), пп (жаппа, алып бар, айтылуы-алып пар), сс (асса, тас сал), шш (шашишы, үш шалғыорақ), нн (әннен, нән нар)**. Бір түрлі дыбыстардан жоғарғыдай, көбіне, үнсіз қатаң дыбыстар қатар тұра алады; **л, р** дыбыстарынан басталуға тиісті қосымшалар **л, р** дыбыстарынан кейін **д** дыбысына айналып кетеді.

Сөздерді, буындарды жеке фонемаларға жіктеу лингвистикалық талдаудың нәтижесі деп қарау керек. Жанып тұрған май шамға таяу отырып, сөйлегенде, ол жалп-жалп етіп тұрады. Мұның өзі сөздің буын жігін аңғартады. Өйткені ауа сөздің құрамындағы дауыстыларды айтқанда еркін шығады да, дауыссыздарды айтқанда кедергіге ұшырайды. Сонда буын өкпеден келе жатқан ауамен (леппен) тікелей байланысты болады. Яғни буын өкпедегі ауаны сыртқа шығару арқылы жасалады.

Буын – осы ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы, - деп анықтама береді С.Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі» (101 - бет). Сол сияқты Ғ.Абуханов «Қазақ тілі» (27 - бет), В.В.Ришетов, Л.В.Ришетова «Рус тілі грамматикасы» (87 - бет), Л.В.Щербаның «Фонетика французского языка» деген кітабы (78 - бет) т.б. ғылыми еңбектерде айтылған. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше. Дыбыстық негізгі заңдар осы буынның төңірегінде өрбиді.

Буынға тән сипаттар:

1. Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуға тиіс және оның саны біреуден артық болмауға тиіс. Сонда сөздің құрамында қанша дауысты фонема болса, сонша буын болады деген сөз. Балаларға дегенде, дұрысы, бір-ақ дауысты фонема (**а**) бар. Алайда бұл сөз төрт буыннан (**ба-ла-лар-ға**) тұрады. Бір фонема бірнеше буынның құрамында қайталанып келе береді.

2. Буында мағына болмайды. Кейбір сөздердің әрбір буыны лексикалық немесе грамматикалық мағынасы бар бөлшектерге (морфемаларға) тура келіп қалады. Мәселен, **ат-ты-лар-ға** дейтін төрт буынды сөздің 1- буыны (**ат**) – түбір, 2 – буыны (**ты**) – сын есім тудыратын жұрнақ, 3-буыны (**-лар**) – көптік жалғау, ал 4- буыны (**ға**) – септік жалғау. Мұны кездейсоқ сәйкестік деп түсіну керек. Буында мағына болуы міндетті емес: **ба-ла-ла-ры-на, а-ты-ңа, ке-лі-сі-мі-міз, жар-қы-рай-ды** т.б.

3. Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай не жуан буынды (мәселен, **ба-ла-ла-ры-мыз-ды, а-на-ла-ры-мыз-ға, қа-на-ғат-тан-дыр-майды**), не жіңішке буынды (**жі-лін-шік-те-рі-не, бөл-ті-рік-те-рін, кү-мі-сі-міз-ді, сән-ден-ді-рін, бе-ре-ке-лі**) болып келеді. Мұның өзі тілдің үнемді қызметіне негізделеді. Егер тілімізде аралас буынды сөздер кездесетін болса, онда олар кірме сөз болғаны. **мұғалім, қабілет, қажет, педагог, методика, параллелипед** т.б. Буынның жуан, жіңішкелігі қазақ тілінде дауыстыларға байланысты.

4. Тіліміздегі байырғы сөздер, сондай-ақ буындар да қос (екі) дауыссыздан басталмайды. Орыс тілінен енген біраз сөздің біздің тілімізде жазылуы соның айғағы: **бөрене (бревно), жеребе (жребий), кереует (кровать), кінәз (князь), үстел (стол)**.

Сондықтан да байырғы сөздерді **Смаил, Сқақ, Рза, Рсалды** түрінде жазу тіліміздің табиғатына сай келмейді. Ертеректе енген үстел сөзі (**стол**) осының айғағы.

5. Соңғы кезде қазақтың байырғы сөздері де қос (екі) дауыссыздан басталады дейтін пікір айтылып жүр. Бас (бірінші) буын болмаса, қалған буындар дауыстыдан басталмайды.

Яғни импловив дыбыс-буынды аяқтаушы дыбыс. Эксплозив дыбыс-буынды бастаушы дыбыс. Осы сыяқты үндестік заңында да, біркелкі дыбыстар үнемі қатар тұра алады. Мысалы: қаққа, аққа, текке, жуан т.б. Сөздің жуан, жіңішке болуы буынмен байланысты болады. Ал, буынның жуан-жіңішке болуы дауысты дыбыспен байланысты келеді. Дауысты дыбыс жуан болса, буын да жуан болады, ал, жіңішке болса, буын да жіңішке болады. Жуан және жіңішке болып келетін жұп-жұбымен айтылатын дыбыстар мыналар: а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү;

Тек э дыбысының ғана жуан сыңары болмайды. Дифтонгоид дауыстылар алфавитте бір әріппен белгіленген. Бұлардың жуанына бір әріп, ал жіңішкесіне бір әріп белгіленбей, екеуіне бір әріп белгіленген. Олар и және у әріптері. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздерің буын ішіндегі дыбыстардың саны негізінен, төрт түрлі болып келеді.

1. Бір дыбысты буын. Мысалы: о-қы, ү-кі, а-на.

2. Екі дыбысты буын. Мысалы: ба-ла, үй, ас.

3. Үш дыбысты буын. Мысалы: ант, ұлт, арт.

4. Төрт дыбысты буын. Мысалы: қарт, жалт.

Сонымен, «**Топтастыру**» стратегиясы арқылы оқытудың дәрежесін анықтаймыз.



Буынның түрлері

Қазақ тіліндегі буынның түрін Қ. Жұбанов алтыға, Н. Сауранбаев төртке,

С. Кеңесбаев үшке бөледі. Соңғы бөліс (ашық, тұйық, бітеу) барлық оқулықта жүр.

Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді және есте сақтауға ыңғайлы.

Есте дұрыс сақтау үшін буын құрамында кездесетін дауыстыны шартты түрде **А**, дауыссыздарды **В** әрпімен таңбалап, буынның түрлерін, оның дыбыстық құрамын былай өрнектеп көрсетуге болады.

1. **Ашық буын** – жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын. Сызба арқылы былай көрсетуге болады:

_____, . | _____ (бұл буынды таусылғанша созып айтуға болады)


Мұның дыбыстық құрамы:

1) **А:** а, ә, а-на, ә-же, е-не, о-қы, ө-ре, ұ-зақ, ү-кі, ы-ды-ра, ы-ды-сы;

2) **ВА:** ба-ла-сы, бі-лі-мі, де, не, да-ла;

- 3) **ВВА:** *ста-нок, ста-кан, гра-нат, пла-кат;*
 4) **ВВВА:** *стра-тег, стра-то-стат, стра-тосфера;*
 2. **Тұйық буын** – соңы дауыссызға аяқталатын буын. Мұны да сызба арқылы былай көрсетуге болады:

кедергіленіп тұр.)




(созып айтуға болмайды, алды

Дыбыстық құрамы:

- 1) **АВ:** *ат, ай, ән-детті, ой-ланды, үй, ақ-тар;*
- 2) **АВВ:** *ант, өрт, ұлт, акт, ыңқ-ыңқ, ыр-ыр;*
- 3) **ВAV:** *бас-тар, бас-тық, тас-тай, бұл-бұл-дар, тақ-тақ;*
- 4) **ВAVВ:** *қант, былқ-былқ, жалт-жұлт, жарқ-жұрқ, қарт;*
- 5) **ВAVВВ:** *пункт, центр, текст;*
- 6) **ВВAV:** *шкаф, шлем, крем, штаб, стаж, граф, хлор, хром;*
- 7) **ВВAVВ:** *спорт, старт, трест, стенд, крест;*
- 8) **ВВAVВВ:** *спектр;*
- 9) **ВВВAV:** *штраф, штрих, шприц, структура.*

3. **Бітеуші буын.** Ортасы дауысты болып, екі жағы дауыссыз болған буынды бітеу буын дейміз. Сызба арқылы былай көрсетуге болады:



Мысалы: *мал, сом, төс, құс, қыс, тіс, бұл, қант* сықылды сөздер бітеу буын болады. Өйткені бұл буындардың басқы дыбысы да, соңғы дыбысы да – дауыссыз.


Бітеу буын қазақ сөздерінде: а) *үш дыбысты* да, ә) *төрт дыбысты* да болып келеді. Төрт дыбысты болып келген бітеу буынның соңғы дыбысы қатаң болып, қатаңның алдында үнді тұрады. Бітеу буын өз алдына сөз болып та, бірнеше буынды сөздің басында да, ортасында да, соңында да кездесе береді. Мысалы: *бір, тарт, бір-лік-тің, тарт- (на), (ақ)- тарт* т.б.

Байырғы қазақ сөздері, қала берді бүкіл түркі сөздері негізінен бір буынды болып келеді. Олар құрылымына қарай алты түрде ғана ұшырайды: **А, ВА, АВ, АВВ, ВAV, ВAVВ.**

Демек, «Венн диаграммасы» - арқылы буынның түрлерін салыстырып, ерекшеліктерін табамыз.


ашық буын

тұйық буын



бітеу буын

ашық буын



Ашық буын.

Ашық буын деп - дауысты фонеманың өзінен болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға біткен буынды айтамыз. Мысалы: *а-на, ә-ке, і-ні, ә-же* т.б. Қазіргі қазақ тіліндегі ашық буындар буын ішіндегі дыбыстардың қатысуына қарай оның құрамы

төмендегідей болып келеді: 1. Бір дауысты дыбыстың жалғыз өзі тұрып-ақ ашық буын жасай алады. Мысалы: а-на, а-ға. Қатарынан келген екі дыбыстың алдыңғысы дауыссыз, соңғысы дауысты болып та ашық буын жасай алады. Мысалы: ә-ли, а-ла, е-кі. Ашық буынның жалаң түрі өз алдына жеке тұрып та сөз бола алады.

Тұйық буын.

Тұйық буын деп - дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен буынды айтады. Мысалы: ат, іс, өрт т.б. Тұйық буынның негізгі өзіндік белгілері мыналар: 1. Тұйық буын екі дыбысты болып келеді. Мысалы: ат, іс, өрт т.б. 2. Тұйық буын үш дыбысты болып келеді. Мысалы: ұлт, ант т.б. Сондай-ақ тұйық буын өз алдына сөз болып және бірнеше буынды сөздің басында кездесін отырады.

Бітеу буын.

Бітеу буын деп - ортасы дауысты болып, екі шеті дауыссыз болатын буынды айтамыз. Мысалы: тас, жол, тіс, көл, мол, көз т.б. Бітеу буынның негізгі өзіндік белгілері төмендегілер:

1. Бітеу буын үш дыбысты болып келеді. Мысалы: тіс, көл, мол т.б.
2. Бітеу буын төрт дыбысты болып келеді. Мысалы: бұлт, жалт, жұлт, сарт.

Ал төрт дыбысты болып келген бітеу буынның соңғы дыбысы қатаң болып, қатаңның алдында үнді тұрады. Бітеу буын өз алдына сөз болып, бірнеше буынды сөздің басында да, соңында да кездесе береді. Мысалы: бірліктің, ұлттардың.

Буынның алмасуы.

Сөйлеу процесінде бір дыбыс екінші дыбыспен, бір буын екінші буынмен, бір сөз екінші сөзбен ұштасып отырады. Сондықтан буындар өзара бірімен-бірі алмасып, кейде бір буынның жігі ажырап, екінші буынның дыбыс саны көбейіп отырады. Сөз ішіндегі бір буын мен екінші буынның бір-біріне жылысуын буын алмасуы дейді. Қазақ тілінде тек қана жалаң ашық буын жинақты келеді де, қандай буынның болса да ықпалына көнбей, оқшау тұра алады. 1. Жалаң ашық буын сөздің дәл басында тұрады да, онан кейінгі буынның қай-қайсысы болса да онымен жартылай да, түгелдей де алмаса алмайды. Сондай-ақ жалаң ашық буын тұрақты келуіне орай басқа буындармен кірікпейді де, жылжымайды да. Мысалы: ал-ла, і-лім т.б.

Жалаң ашық буын өз алдына жеке сөз ретінде айтылып, одан кейінгі буынның қандайыннан болса да пауза арқылы бөлінгендіктен ешбір өзгеріске көнбей оқшауланып тұрып айтылады. Мысалы: Е, өзің барсайшы! А, айтайық дейсің бе? Сондай-ақ басқа буындар мынадай төрт түрлі жағдайда бір-біріне алмасып отырады. Олар мыналар:

1. Екі дыбысты ашық буындардан соң жалаң ашық буын немесе тұйық буын келсе қатар тұрған екі дауыстының алғашқысып түсіп, буын ықшамдалып қалады. Мысалы: торы ала-торала (то-ра-ла).
2. Жалаң ашық буыны екі дыбысты тұйық буыннан кейін келсе, дауыссыз дыбыс кейінгі буынға сырғып кетеді. Мысалы: ат-ы, а-ты. Яғни бұл буын алмасуын төмендегінше түсіндіруге болады. Тұйық буын + жалаң буын – жалаң буын + ашық буын. Бұл құбылыстың формуласы төмендегідей болады: АВ+А-А-ВА. Яғни тұйық буын + тұйық буын – жалаң буын+бітеу буын.
1. Екі дыбысты тұйық буын сол тұйық буыннан кейін келсе, алғашқы буынның дауыссызы кейінгі буынға сырғиды. Мысалы: ат-ақ-а-тақ. Мұның формуласы төмендегідей: АВ+АВ-А+ВAB. Яғни тұйық буын+тұйық буын – жалаң буын + бітеу буын.
2. Үш дыбысты тұйық буын үш дыбысты бітеу буыннан кейін келсе, алғашқы буынның соңғы дауыссызы кейінгі буынға жылысады. Мысалы: жоқ-алт – жо+ғалт, формуласы төмендегідей: ВAB+ABV – ВA+ВABV. Яғни бітеу + тұйық буын – ашық+бітеу буын.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, төмендегідей тұжырымдауға келуге болады. Дауыстыға біткен буынға дауыстыдан басталған буын жалғанша, алғашқы дауысты дыбыс түсіп қалады. Мұны біз буын ығысуы дейміз. Сондай-ақ кей буындарға екі дауысты тұйық буын, ал кей буындарға үш дыбысты тұйық буын жалғанса, алғашқы буынның соңғы дауыссызы да , кейінгі буынға сырғиды.1. Мұны біз буын жылысуы деп атаймыз. Мысалы: Е, солай ма? Па,шіркін: дегенде бір дыбыстың өзі немесе дауыссыз бен дауыстының өзі буын ретінде қолданылып тұрады.2.Бір буынды сөздер тұйық буыннан жасалады. Мысалы: ат, от, ар т.б.

1.Бір буынды сөздер бітеу буыннан жасалады. Мысалы: бал, көл, көк.

2.Екі және көп буынды сөздер түбір тұлғада кездеседі. Мысалы: ата, ана.

3.Қосымша тұлғалы сөздерде кездеседі. Мысалы: атты, аттарға.

4.Екі және көп буынды сөздер қос сөздерден де жасалады. Мысалы: әп-әдемі, пай-пай, түйе-мүйе.

Буынның дыбыстық құрамы.

Қазіргі қазақ тіліндегі буындар дыбыстық құрамы жағынан мынандай болып келеді:

1) **бір дыбысты:** а-та, ә-же, а-па, і-ні, а-ла, а-са, о-қы, а, ә, е, о, о-тыр. Бір дыбысты буындар тек дауысты болады да, жеке сөз түрінде, не сөз басында ғана кездеседі;

2) **екі дыбысты:** ба-ла, қа-ла-да, та-за-ла, жа-ға, ой-на, та-ра, қа-ла-да-ғы-сы, ба-ла-сы, ал, ат, ақ, же, де, не;

3) **үш дыбысты:** бас, бет, сөз, көз, өрт, бөл-шек-тер, тас-тақ, бал-шық, бөл-шек-тер, ұлт, үрт;

4) **төрт дыбысды:** қант, төрт, былқ, жалт, жылт, салт, қарқ-қарқ, күрк-күрк.

Тіліміздегі байырғы сөздердің дыбыстық құрамы осы төрт дыбыстан аспайды. Ал орыс тілі арқылы енген сөздерде буын бес, тіпті алты дыбысты да бола алады:

5) **бес дыбысты:** пункт, спорт, текст, скетч, старт, фланг, трест, спирт, стенді;

6) **алты дыбысты:** спектр, спринт.

Құрамындағы буынның санына қарай қазіргі қазақ тіліндегі негізгі түбір сөздер (түбір морфемалар) мынадай болып келеді:

1. **Бір буынды:** ай, ат, бал, бас, қол, көз, ал, кел, бар, ақ, көк, бір, үш, мен, сен, біз, тез, тым, тарс, жылт, да, де, ғой;

2. **Екі буынды:** а-на, а-та, ә-ке, ба-ла, тү-йе, жыл-қы, қа-зан, ке-се, қа-ра, қы-зыл, жа-сыл, жа-тыр, о-тыр, ал-ты, е-кі, ке-ше, ер-те, тө-мен, дәп-тер, қа-лам, а-дам;

3. **Үш буынды:** мұ-ға-лім, қа-на-ғат, қа-бі-лет, а-бы-рой, , а-рыс-тан, жа-ма-ғат, ин-тер-нат, инс-ти-тут, ин-же-нер, ка-ме-ра, ка-ни-кул, та-би-ғат;

4. **Төрт буынды:** ы-ра-қы-мет (рақмет), і-ре-зең-ке (резеңке), рес-пуб-ли-ка, про-це-ду-ра, фо-не-ти-ка;

5. **Бес буынды:** у-ни-вер-си-тет, по-лик-ли-ни-ка, пуб-ли-цис-ти-ка.

Қазақтың байырғы сөздегі негізінен бір буынды, қала берді екі буынды болып келеді. Мұның өзі оның поэзия тілі болуымен де байланысты. Өйткені 11 буынды болып келетін қара өлеңде бунақтар 3-4 буыннан аспайды. Әлгі бір, екі буынды сөздерге орамды болу үшін жұрнақ, жалғаулар жалғану керек болады. ал төрт буыннан жоғары сөздер қара өлеңге оралымсыз болып шығады.

Буынның алмасуы.

Сөйлеуде бір дыбыс екінші дыбыспен, бір буын екінші буынмен, бір сөз екінші сөзбен ұштасып жатады. Сондықтан буындар өзара бір – бірімен алмасып, кейде бір буынның жігі ыдырап, екінші буынның дыбыс саны көбейіп отырады.

Фонетиканың басқа оқулығында буындар арасында дауыстының түсіп қалуын (*торы ат-торат*) **буын ығысуы**, «дауыссыздың кейінгі буынға сырғуын» (*аты-а-ты*) **буын жылысуы** деп атайды.Соңғыны буын жылысуы дегеннен гөрі дыбыс жылысуы

деген дұрыс болар. Буынның жылысуы мен кірігуі мәселесін алғаш айтқан Қ. Жұбанов деуге болады. «Буын жылысса, бір буынның дыбысы екінші буынға ауысады да, буынның жалпы саны кемімейді?». Мысалы: айт + а = айта, айт + ар = ай –тар; қайт + а = қай-та, жаз + ар = жа-зар т.б. «Буындар кіріксе, буын-буынның шегі өзгеріп қана қоймайды, саны да кемиді. Мысалы: ата ене, аға еке, жақсы ат деген айтуда атене, ағаеке, жақсат болып кетеді» (сонда). Сөйтіп:

1) дауыстыға біткен буынға дауыстыдан басталған буын жалғанса, алғашқы дауысты түсіп қалады. Мұны буын ығысуы дейміз.

2) кей буындарға жалаң ашық буын;

3) кей буындарға екі дыбысты тұйық буын;

4) кей буындарға үш дыбысты тұйық буын жалғанса, алғашқы буынның соңғы дауыссызы кейінгі буынға сырғиды. Мұны буын **жылысуы** дейміз. Екінші сөзбен айтқанда, белгілі бір буынға дауысты дыбыстан басталған буын (басқаша айтқанда: А, Ав, АВВ буындары) жалғанғанда ғана буын ығысуы мен буын жылысуы пайда болады. Басқа жағдайда буын ешбір түрде алмаса алмайды; сондықтан буын ығысуы мен буын жылысуы кездеспейді; мысалы: бала + ға, бала + ның, ат + тың, ат + қа, ал + дырт, жаз + дырт, ал + дыр, айт + ты, айт + тыр, айт + тырт, жаздырт + ты, жаздырт + қыз.

Басқаша айтқанда, дауыссызға тынған??? буынға дауыссыздан басталған буын жалғанса, буын жігі өзгере алмайды: буын бір қалыпта сақталады.

Тақырып: Екпін және оның түрлері.

Сабақтың жоспары.

1.Екпін туралы мәліметтер.

2.Екпін және оның түрлері.

Сөйлеу процесінде сөздерді айтудағы бөлшектеніп шығатын ауа толқыны, яғни сөздегі буындардың бәрі, бірқалыпты айтылмай, бір буын өзге буындардан ерекше күшпен айтылады. Мысалы: *бала* деген сөзде екінші буын, *балалар* дегенде үшінші буын, *балаларға* дегенде төртінші буын өзге буындардан күшті айтылып тұр. **Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан ерекшеленіп күшті айтылуы е к п і н** дейді.

Қазақ тіліндегі, сол сияқты түркі жүйелі тілдердегі екпін дауыс құйылысының қарқынымен (күшпен) айтылуына байланысты дем екпіні қатарына жатады.

Дем екпіні екі түрлі болып келеді: тұрақты екпін, тұрақсыз екпін. Тұрақты екпін қазақ тілінде және өзге түркі халықтарының да тілдерінде кездеседі. Екпіні тұрақты болатын тілдерде екпін сөздің арнаулы буынында болады да, сөздің грамматикалық, лексикалық мағыналарының құбылуымен екпін сөздің өзге буындарына ауысып ілгеріле – кейінді жылжып отырады. Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынында болып келеді. Көп буынды түбір сөзде негізгі екпін соңғы буынында болады да, қалған буындарда ешқандай екпін болмайды. Мысалы: шана, тарақ, терезе, қабырға, омыртқа. Түбір сөзге қосымша жалғанып, сөздің лексикалық не грамматикалық мағынасы түрленгенде, негізгі екпін туынды сөздің соңғы буынына ауысады да, сөздің негізгі екпініне қосымша көмекші екпін пайда болады. Мұндай туынды, көп буынды сөздерде негізгі екпін қосымшаға ауысып, соңғы буында тұрады да, қосымша екпін түбірдің соңғы буынында болады. Мысалы: базар = базар + шы = базар + шы + лар = базар + шы + ла + ры + мыз = базар + шы + ла + ры + мыз + ға.

Қазақ тіліндегі екпін тұрақты екпін болып, түбір сөзге қосымша жалғануына байланысты екпін сөздің соңғы буынына, қосымшаларға ауысып отыруға тиісті бола тұрса да, қазақ тілінің кейбір қосымшалары өзіне екпін түсірмейді. Ондай қосымшалар жалғанған туынды сөздерде екпін соңғы буында болмай, соңғы буынның алдындағы буында тұрады.

Тіл – тілдегі екпін, негізінде, екі түрлі болады:

- 1) Фонациялық ауаның қарқынымен (күшімен) байланысты екпін; мұны лебізді (немесе динамикалық) екпін дейміз.

- 2) Дауыс ырғағымен (дауыс тонымен) байланысты екпін; мұны үнді (музыкалы немесе тоникалық) екпін дейміз.

Тілде кей уақыт квантитатив (мөлшер) екпін де болуы мүмкін. Мұның ерекшелігі – бұл екпін түскен дауысты дыбыс басқа дауыстылардан созылыққы айтылады. Дауысты дыбыстың созылыққылығы арнаулы бір фонологиялық мәнге ие болмаған тілде басқа екпінмен барабар квантитативті екпін де бола алады.

Қазақ тілі дауыстылары созылыққылығының фонематикалық мәні жоқ. Сондықтан екпін түскен дауысты аздап болса да квантитативті түрде де айтылады: лебізді (динамикалық) екпін негізгі болады да, квантитатив соған қосымша болады; өйткені лебізді екпінге ие дауысты дыбыс екпін түспеген дауыстыларға қарағанда сәл созылыққы айтылады. Бұл жөнінде қорытындыны тек эксперименталь аспаптар арқылы үзілді-кесілді айтуға болады.

Тілдердің көпшілігі лебізді екпін тобына жатады. Бұл топқа қазақ және басқа түркі тілдері де жатады. Тілімізде тек лебізді (кей уақыт квантитативті) екпін бар деп қана қойсақ, қателескен болар едік. Кісінің ойын мәнерлеп, әсірелеп жеткізе алатын сөйлемдерде кей уақыт үнді екпінді де пайдалана аламыз. Бірқатар тюрколог ғалымдардың пікірінше үнді екпін мәнерленіп (экспрессивтік) сөздермен байланысуы шарт емес: бұл екпін жай сөйлемде де кездесе беруі мүмкін.

Лебізді екпінге ие тілдер: екпіні тиянақты тілдерде екпін сөздің, көбінесе, арнаулы буынына түседі, екпіні тиянақсыз тілдерде екпіннің арнаулы (белгілі) буынмен байланысуы шарт болмайды.

Сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратудың басты бір жолы – осы дауыс екпіні (акцентуация) болып есептеледі. Лебізді екпін кей тілде (көбіне, екпіні тиянақсыз тілдерде) сөздің морфологиялық мағынасын айқындап тұрады.

Сөйтіп, лебізді екпін: мағына айқындаушы, сөз айқындаушы болып екіге бөлінеді. Мысалы: орыс тілінде замок – замок, мука- мука сөздеріндегі екпін мағынаны айқындап тұр. Қазақ тілі сөзінің қалыпты екпіні өзгергеннен мағына онша көп ойсырай қоймайды. Қазақ тіліндегі екпінді өзгерткеннен сөздің дағдылы айтылуы мәнері де өзгереді, бірақ сөз мағынасы орыс тіліндегідей мүлде өзгере қоймайды. Демек, орыс тіліндегі екпін тиянақсыз болып, қазақ тіліндегі екпін тиянақты болып келуі бұл екі тілдің өздеріне тән ерекшеліктерімен байланысты. Қазақ тіліндегі екпін орыс тіліндегідей сөз мағынасын өзгертпейді, оның есесі жұрнаққа түседі. Басқаша айтқанда, сөздің лексикалық, грамматикалық тұлғасы әр түрлі болып құбылуымен байланысып жатады.

Түркі тілдерінде дауыс екпіні сөздің, көбіне, ең соңғы буынына түсуін ежелден келе жатқан қағида деуге болмайды. Акад. Б. Я. Владимирцов түркі тілдеріндегі екпін о баста сөздің бас буынна түскен деген ойды дәлелдейді. Көп буынды сөздерде көмекші екпін - әрі лебізді, әрі үнді болып келуі, мәнерлі (эмфазиялы) сөйлемдерде дауыс екпіннің орын алмасуы (соңғы буындағы екпін бас буынға көшуі) Б. Я. Владимирцовтың пікірі бойынша, тіліміздегі екпіннің бір кезеңдерде сөздің алғашқы буынына түскенін көрсетеді.

Академик Ф. Е. Корш көп сөздердің екпінсіз буынындағы дауыстылардың редукциялануын – сөздің екпіні о баста бірінші буынға түскендігінің нәтижесі деп есептейді.

Ф. Е. Корш пен Б. Я. Владимирцовтың бұл айтылған пікірлерін теріс дей алмаймыз.

Түркі тілдерінде дауыс екпіні тек лебізбен (экспирациямен) ғана байланысты деген ертедегі тюркологтардың (О. Бетлингк, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский т. б.) пікірлерін осы күнгі кейбір ғалымдар дұрыс емес деп табады. Н. К. Дмитриев өзінің «Түркі тілінің құрылысы» деген еңбегінде қосымшаға түсетін лебізді екпінмен барабар, негізгі түбірдің соңғы буынына түсетін екпін үнді екендігін дәлелдейді.

Сөз екпіні.

Қазақ тіліндегі екпін басқа түркі тілдеріндегі екпін тәрізді сөздің, көбіне, соңғы буынына түсетінін жоғарыда айттық. Екі не үш буынды сөздің, немесе көп буынды сөздің бір буыны негізгі екпінге ие болады да, қалған буындарына ешқандай екпін түспейді.

Негізгі екпін, көбіне, соңғы буынға түсіп отырады (мысалы; шағала, кереге орақ, олқы, кара, біздер, жиырма, әрең т. б.), көп буынды (кемінде төрт буынды) сөзде негізгі екпіннен бөлек көмекші екпін пайда болады. негізгі екпін соңғы буынға түседі де, көмекші екпін негізгі түбірдің соңғы буынына түседі. Қазақ тіліндегі көп буынды сөз қосымша арқылы жасалатындықтан, негізгі екпін қосымшада болады да, көмекші екпін негізгі түбірде болады:

О- рақ	о- рақ- шы- лар
Ол –қы	о –рақ- шы-ла- ры- мыз
Ша- ға-ла	о-рақ-шы-ла-ры-мыз-да
Ке-ре-ге	о-рақ-шы-ла-ры-мыз-да –ғы
О –рақ-шы	о-рақ-шы-ла-ры-мыз-да-ғы-лар

В. В. Радлов жоғарыда аталған кітабында ат, қарындас деген сөздердің буындары қосымша арқылы көбейіп, көмекші екпін ең бас буында, негізгі екпін ең соңғы буында болады деп түсінеді. И. А. Батманов қырғыз тілінде үш буынды сөздің екпіні жалпы ереже бойынша: негізгі екпін соңғы буынға, көмекші екпін бас буынға түседі дей келіп, төрт-бес буынды сөздердің көмекші екпіні негізгі екпіннен бір буын қашық тұрады, алты буынды және одан көп буынды сөздердің көмекші екпіні негізгі екпіннен екі буын қашық тұрады деген пікірді айтады. Мысалы: жолдоштору жолдошторубуз, жолдошторубузда т. б.

Көп буынды интернационалдық сөздерде ғана (онда да қазақ тілі қосымшалары жалғанса ғана) көмекші екпін анық байқалады: түбір тұлғадағы интернационалдық сөздің негізгі екпіні қазақ тілі қосымшалары қосылғанда (әрине, негізгі екпінді бойына тартатын қосымшалар болса), көмекші екпінге айналып кетеді. Мысалы, республика деген сөздің екінші буынындағы негізгі екпін соңғы буынға (ға буынына) көшеді. Сол сияқты, физикалық деген сөздің негізгі екпіні соңғы буында тұрады да, көмекші екпіні бірінші буында тұрады; ал кооперативтерге дегеннің денегізгі екпіні соңғы буында болады да, көмекші екпіні тив буынында болады. Интернационалдық сөздердің акцентуация жағынан бұл тәрізді өзгешелігі сол сөздердің бастапқы фонетикалық қағидаларымен байланысты болса керек.

Көмекші екпін категориясы, біздің ұғуымызша, әлі де даулы мәселе; мұны үзілді-кесілді шешілген мәселе деуге болмайды. Біздің ойымызша, негізгі екпіннің орны қандай тиянақты болса, көмекші екпіннің орны да сондай тиянақты болады деген пікірді де, В. В. Радлов айтқандайын, түркі тілдерінде көмекші екпін әрдайым бас буында болады деген пікірді де, И. А. Батманов т. б. авторлар айтқандайын, төрт, бес буынды сөзде көмекші екпін негізгіден бір буын бұрын тұрады, алты немесе одан да көп буынды сөзде ол екі буын бұрын тұрады деген пікірді де қостауға болмайды.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың көпшілігі екпінді өз бойына тартып тұрады. Көптік, септік, тәуелдік жалғаулары екпінді болып келеді де, жіктік жалғау екпінсіз болып келеді. Қазақ тіліндегі кейбір қосымшалар екпінді бойына тарта алмайтындықтан (яғни энклитика ретінде кездесетіндіктен), акцентуация категориясы кей уақыт сөз тұлғасын ажыратуға (морфологиялық дифференция жасауға) керек құрал есебінде қолданылады. Тұлғасы бір, қызметі бөлек кейбір гомонимикалық қосымшаларды акцентуация арқылы ажыратуға болады. Мысалы: а) біздің оқушы – мыз (мұндағы мыз – тәуелдік жалғау), біз оқушымыз (мұндағы мыз – жіктік жалғау); ә) ағашты жарма (мұндағы ма – болымсыз етістіктің жұрнағы), тәтті жарма (ма – зат есімнің жұрнағы); б) сен мынаны көрші (ші- волунатив мағынадағы етістік жұрнағы); ол бізге көрші (ші – агентив мағынадағы зат есім жұрнағы); в) сіздің қалыңыз (ыңыз – екінші жақ тәуелдік жалғау), сіз қалыңыз (ыңыз екінші жақ, бұйрық рай жұрнағы); г) сіз баласыз (сыз – екінші жақ, жіктік жалғау), ол кісі баласыз (сыз – болымсыз есімнің жұрнағы); д) ол үйде (де – жатыс жалғау), үй де (де - шылау); е) атты кісі (ты –сын есім жұрнағы), ол мылтық атты (мұндағы ты – етістіктің өткен шақ қосымшасы); ж) біз осында қалалық (лық – қалау рай жұрнағы) т.б.

Қазақ тіліндегі кейбір басқа қосымшаларға да екпін түспейді: мысалы: сын есім жұрнағы – дай (таудай, жаздай), қалау рай жұрнағы йын (барайын, келейін) т.б.

Қосымшасыз келген шылау сөздерде, көмекші сөздерде екпін болмайды; олар мыналар: ғой (кой), ше, ғана (қана), ма (ме, ба/бе, па/пе), дейін, шейін, сайын, сияқты (тәрізді, сықылды, секілді) т.б. Мысалы: Мен ғой кеңседе болдым, ал сен ше? тек қана, оқыған сайын, ауылдан қалаға дейін.

Шылау сөздерге қосымша жалғанса, негізгі мағыналы сөздегі екпін шылау сөзге ауысып кетеді; мысалы: *таныс сияқтысыз, қалаға шейінгі* дегенде қосымшалы шылауға екпін түсіп тұр.

Қазақ тіліндегі күшейткіш үстеулер (өте, тым, ең, тіпті, аса, орасан, жүдә т.б.) үнемі екпінге ие болып тұрады. Күшейткіш үстеуі бар түбір сөз екпін жағынан энклитикаға айналып кетеді; мысалы: тым жақсы, өте биік, аса зор, ең әдемі т.б. Сын есімнің күшейткіш буындары да екпінді өзіне тартып, негізгі мағыналы сөзді энклитикаға айналдырып жібереді; мысалы: әп-әдемі, біп- биік, жап- жақсы. Күшейткіш буын дыбыс жағынан деформацияланып, түбір сөзбен біріксе, оның екпіні бас буында тұрады; мұндай сөздердің саны қазақ тілінде екеуі – ақ: көкпеңбек, аппақ.

Терминдер, географиялық атаулар, кісі аттары, негізгі түбір тұлғада тұрып, о бастағы екпінін сақтай алады(мысалы: республика, конференция, физика, Фрунзе, Москва).

Тіркес екпіні

Дауыс екпіні бір сөз бен екінші сөздің жігін ажыратумен қатар, бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін де ажыратып тұрады. Арнаулы сөз тобының өзара мағына жуықтылығы ол сөз тобының акцентуациялық жуықтылығымен де байланысты болуы мүмкін. Сөйлем ішіндегі сөздердің бәрі бірдей үнемі дербес екпінге ие болуы шарт емес. Сөйлем мүшелерінің грамматикалық қызметіне қарай, олардың акцентуациялық өзгешеліктері де айқындалып тұрады. Сөйтіп, тілімізде, кей уақыт, белгілі сөз тіркесі немесе түгел сөз шумағы бір-ақ екпінге ие болуы мүмкін. Мұндай екпін фразалық (ритмикалық) немесе тіркес екпінді деп аталады.

Қазақ тілінде мына төменгі сөз топтары екпін жағынан айрықша комплекс бола алады.

- 1) Қос сөздер (бала – шаға, жөн-жосық, ығай-сығай, сылап – сипап т.б.).
- 2) Негізгі мағыналы сөз бен шылау сөздер (үйге дейін, ол үшін, өзі ғана, мың қаралы, оқыған сайын т.б.).
- 3) Күрделі сөздер түйдегі (оқып отыр, ән салды, жығыла жаздады, жығылып қалды, орақ орды т.б.).
- 4) Анықтауыш пен анықталған сөздер тізбегі (биік үй, асқар тау, қынай бел, алыс жер, күміс қасық, ат қора, қыруар мал, мың сом т.б.).
- 5) Пысықтауыш пен баяндауыш болған сөз тізбегі (кеше келді, жақсы оқыды, қалада болды, әрең жүрді т.б.).
- 6) Идиом сөздер түйдегі (қабырғанмен кеңес, сөз байла, таң атты, тақсіретін тартты т.б.).
- 7) Жалғаусыз тура толықтауыш пен баяндауыш болған сөз тізбегі (газет оқыды, хат жазды, кино көрді т.б.).

Қазақ тілінің екпін категориясы.

Сабақтың жоспары.

- 1.Қазақ тілінің екпін категориясы жайлы
2. Екпінділердің түрлері туралы.
- 3.Сөз екпіні туралы.
- 4.Тіркес екпіні жайлы.

Сөздерді айтқанда, сөздегі буындардың (дауысты дыбыстардың) бәрібірдей бір қалыпта айтылмай біреуі басқалардан ерекше қарқынмен, күшпен айтылады. Осындай сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп, күшті айтылуын екпін дейміз. Тілдегі екпіндер негізінен екі топқа бөлінеді: 1. Лебізді, динамикалық екпін. Фонациялық ауаның қарқынымен байланысты болған құбылысты лебізді немесе динамикалық екпін дейміз. 2. Үнді не тоникалық екпін. Дауыс ырғағымен байланыстырылған құбылыспен үнді не тоникалық екпін дейді. Қазақ тілінің екпіні лебізді екпін тобына кіреді. Лебізді екпінге ие тілдер екпіннің келу шартына қарай екі топқа бөлінеді:

1. Екпіні тиянақты тілдер.

2. Екпіні тиянақсыз тілдер. Қазақ тілінің екпіні бірінші топқа кіреді. Екпіні тиянақты тілдерде екпін сөздің үнемі арнаулы буынына түседі. Ал екпіні тиянақсыз тілдерде екпін сөздің арнаулы буынына түспейді. Сөз бен сөздің шегін бөліп, жігін ажыратудың басты бір өлшемі дауыс екпіні болып табылады. Дауыс екпінін ғылыми тілде акцентуация дейді. Лебізді екпін кей тілде, көбінесе екпіні тиянақсыз тілдерде сөздің морфологиялық мағынасын айқындап тұрады. Осы қасиеттеріне қарай лебізді екпін екі түрлі жағдайды аңғартады. Яғни мағына айқындаушы екпін және сөз айқындаушы екпін болып бөлінеді. Мысалы: орыс тіліндегі сөздерге екпіндер мағына айқындайды: за'мок - замо'к, мука' –му' ка. Қазақ тілінде мұндай қасиет жоқ. Қазақ тілінің екпіні сөз ішінде соңғы буындарда болады. Сондықтан да қазақ тілінің екпіні сөз және сөз аралығында болу ерекшелігіне қарай үлкен – үлкен екі топқа бөлінеді:

Сөз екпіні.

Сөз екпіні болуының негізгі себебі екпін сөз ішінде болатындықтан және сөз соңында кездесетіндіктен сөз екпіні деп аталады. Қазақ тіліндегі екпін басқа түркі тілдеріндегі екпін тәрізді сөздің көбінесе соңғы буынында болады. Екі немесе үш буынды сөздер не көп буынды сөздердің бір буыны негізгі екпінге ие болады да, қалған буындарына екпін түспейді. Мысалы: шағала, кереге. Екпіннің сөз ішінде келуіне қарай оларды екі топқа бөлуге болады. 1. Негізгі екпін. 2. Көмекші екпін.

Қазақ тіліндегі негізгі екпін қосымшада болады. Яғни қосымшалы сөздер негізгі екпінге ие болады. Ал, көмекші екпін негізгі түбір сөзде болады. Мысалы: о-рақ, о-рақ-шылар. Алғашқы буындағы екпін көмекші екпін болады. Кейінгі буындағы (лар) екпін негізгі екпін болады. Қазақ тіліндегі қосымшалардың көпшілігі екпінді өз бойына тартып алады. Көптік, септік, тәуелдік жалғаулары екпінді болып келеді де, жіктік жалғаулы екпінсіз болады. Мысалы: оқушылар, мұғалімдер дегенде екпін көптік жалғауына түседі. Оқушыға, мұғалімге дегенде екпін септік жалғауына түседі. Сондай-ақ, менің студентім, сенің студентің, оның інісі дегенде екпін тәуелдік жалғауына түсіп тұр. Ал, мен оқушымын, сен студентсің, сіз мұғалімсіз дегенде екпін жіктік жалғауына түспейді.

Тіркес екпін.

Дауыс екпіні бір сөзбен екінші сөздің жігін ажыратумен ғана емес, бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып отырады. Сондай-ақ тілімізде белгілі бір сөз тіркесі немесе сөз шумағы екпінге ие болады. Сөйтіп, оларда акцентуациялық комплекс жасалады. Ал мұндай екпінді фразалық (ритмикалық) немесе тіркес екпіні деп жүргізеді. Қазақ тілінде тіркес екпіні болатын сөз топтары мыналар:

1. Қос сөздер тіркес екпінге ие бола алады. Мысалы: бала-шаға, ығай-сығай, жөн-жосық.
2. Негізгі мағыналық сөздер мен шылау сөздер тіркес екпініне ие бола алады. Мысалы: үйге дейін, ол үшін, өзі ғана, мың қаралы.
3. Күрделі сөздер түйдегіркес екпінге ие болады. Мысалы: оқып отыр, ән салды, жығыла жаздады.


4. Анықтауыш пен анықталған сөздер тізбегі тіркес екіпінге ие болады. Мысалы: биік үй, асқар тау.
5. Пысықтауыш пен баяндауыштан болған сөз тізбегі тіркес екіпінге ие болады. Мысалы: кеше кеді, жақсы оқыды, қалада болды.
6. Идиома сөздер тізбегі тіркес екіпінге ие болады. Мысалы: қабырғамен кеңес, сөз байла, тақсиретін тартты.
7. Жалғаусыз тура толықтауыш пен баяндауыштан болған сөз тізбегі тіркесекіпінге ие болады. Мысалы: газет оқыды, хат жазды, кино көрді..

Тақырып. Дыбыстардың үндесуі .

Сабақтың жоспары.

1. Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі.
2. Буын үндестігі туралы.
3. Дыбыс үндестігі туралы.
4. Прогрессивтік, регрессивтік ассимиляция.

Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі фонетикалық құбылыс болып табылады. Сөз ішіндегі не сөздер аралағындағы дыбыстардың дауыс қатысы және жасалу орнына қарай ішінара жапсарласып жанасуын дыбыстардың үндесуі дейміз . Қазіргі қазақ тілінде сөз ішіндегі буындар дауысты және дауыссыз дыбыстардың ыңғайына қарай қиюласады. Дыбыстардың үнінің түрлі болуына байланысты үндестік заңы да түр-түрге бөлінеді.




Буын үндестігі (сингармонизм).

Сөз ішінде дауысты дыбыстардың бірыңғай не жуан, не жіңішке үндесуін тіл ғылымында буын үндестігі **(сингармонизм)** дейді


Қазақ тіліндегі сингармонизм үндестігі негізінен мынадай жағдайларда келеді:

1. Түбір сөздің буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болып үстеледі. Мысалы: бал-балға, жол-жолға, тон-тонды.
2. Түбір сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған қосылатын қосымша да жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: жер-жерге, іні-ініміз, күн-күнді.

Қазіргі қазақ тілінде сингармонизм үндестігі көбінесе түбірдің жуан, жіңішке болуына байланысты үндеседі. Ал, сирек кездесетін, буын үндестігіне бағынбайтын орындар да ұшырайды. Мұндай үндесулерге мына төмендегілер кіреді:



Тапсырмалар: Төмендегі әр сөз мына сызбалық үлгіге қарап қанша сөзбен байланысқа түсу мүмкіндігі барын анықтаңдар.



Өсімтал, кіріптар, діндар, балгер, жемқор, әсемпаз, арухана, зиянкес, сәнқой.

2-тапсырма: Мына жұрнақтарды қандай сөздерге жалғай алатындарыңды үлгі-сызбаға сүйеніп жазыңдар.

-нікі қаланікі, ауылдікі, менікі, онікі, осынікі, осы жердікі
(-дікі)-тар

Сингармонизм саласында көзге айқын түсетін фонемалар-дауыстылар; дауыстылар сингармонизмнің түр-түрін жасауға негізгі арқау болады; ал дауыссыздар дауыстыларға селбесіп барып, дауыстылардың ыңғайына қарай айтылады. Демек, сингармонизм заңы бойынша көршілес буындардың, көбіне, алдыңғысы кейінгі буынды ілестіріп тұрады.


В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, В.А.Богородицкий т.б. авторлардың пікірінше: сингармонизм заңы бойынша түбір тұлғаның вокализмі қосымшадағы (жалғау,жұрнақтағы) вокализмді билеп тұруы керек.

Қазақ және өзге түркі тілдері үшін бұл ережені қисық деуге болмайды.В.А. Богородицкий өзінің «Этюды... атты еңбегінде түркі тілдеріндегі сингармонизм категориясын ол тілдерде префикс пен предлогтардың болмауына (яғни олардың орнына түбірдің соңынан қосылатын жалғау, жұрнақтардың болуына) байланыстырды.Автордың бұл пікірін екінші сөзбен айтқанда: сингармонизм түркі тілдерінің жалғамалы құрылысы-мен ұштасқан категорияға жатады.

Қазақ тілінде өзге түркі тілдеріндегі сияқты еріндік дауысты дыбыстар үндестігі жоқ, ал қосымшаларда ерін мен езу үндестігі араласа келіп те қалады. Мысалы: орақтардың, орындар, күндізгі сияқты сөздер айтылуда ерін және езу үндестігі бойынша жұмсалады. Жоғарыда біз дауысты дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалын сингармонизм үндестігі десек, ал дауыссыздардың бір-біріне тигізген ықпалын ассимиляция дейміз. Осы дыбыстар өзгеруінің тіл-тілде басты-басты екі түрі бар. Бұл дыбыстар өзгерісінің негізгі дені дыбыстау мүшелерінің қызметіне, яғни артикуляциясына байланысты болады. Осы дыбыстар өзгерісінің екі түрі мыналар:

1.Комбинаторлық өзгерістер.

Лингвистикалық әдебиетте дауыстыларға байланысты үндесуді (сингармонизмді) буын үндестігі деп те атайды, ал дауыссыздарға байланысты үндесуді (ассимиляцияны) дыбыс үндестігі деп те атайды.Сөйтіп, сингармонизм категориясында, ассимиляция категориясында- дыбыстар үндесуінің басты екі түрлі тараулары деп білуіміз керек.Бұл екі тараудың екеуі де –дыбыстау мүшелерінің қызметіне (артикуляциясына) байланысты өзгерістер.Сондықтан бұл екеуінің айрықша өзгешеліктерін білумен қатар,олардың өзара ортақ қасиеттеріне де көңіл бөлген мақұл.



Комбинаторлық өзгерістер көршілес дыбыстардың біріне-бірі тигізген ықпалына байланысты болады. Белгілі бір дыбыстың екінші бір дыбысқа алмасуы да, кейде дыбыстың түсіп қалуы да немесе тыңнан белгілі бір дыбыстың пайда болуы да сөздегі өзге дыбыстардың әуенімен байланысты болады. Мысалы: Ол ауылға кетті. Ол қызметке кетті –деген сөйлемдерді алайық. Мысалы ауылға дегеннің қосымшасы –ға, өзінен

бұрынғы тетелес буынмен үйлесіп тұр. Ал, қызметке дегенде —ке қосымшасы өзінен бұрынғы буынмен үндесіп тұр. Осы **комбинаторлық өзгерістерде бір дыбыс екінші дыбысқа тәуелді болып тұрады. Яғни бір дыбыс екінші бір дыбысқа игеріліп тұрады.** Сондықтан дыбыстардың бұл тәрізді өзгерістерін қазақша игерулі өзгерістер деп атауға болады. Дыбыстар үндесу категориясы сингармонизм құбылысы да, ассимиляция құбылысы да комбинаторлық өзгерістерге жатады.

2. Спонтандық өзгерістер. Ал, спонтандық өзгерістерде көршілес дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалы болмайды. Ал, мұнда дыбыс өзгерісі өзге дыбыстардың ықпалына өздігінен құбылып тұрады. Мысалы: Шелек сөзін кейбір жергілікті жерлерде челек деп айтады. Осы жердегі дыбыстың құбылысы бірде ш, бірде ч болып өзгереді. Міне, осындай өзгеруді спонтандық өзгерістер дейді. Демек, **спонтандық өзгерістер бойынша бір дыбыс екінші дыбысқа тәуелді болмайды, бір дыбысты өзге дыбыс игере алмайды.** Сондықтан дыбыстардың бұл тәрізді өзгерістерін қазақша игерусіз өзгерістер деп атайды.

Дыбыс үндестігі (Ассимиляция) Ассимиляция дауыссыз дыбыстардың үндесуі болып табылады. **Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сыңарлары жігінде және сөз тіркесі сыңарларының аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсерін дыбыс үндестігі (ассимиляция) дейді.** Қазіргі қазақ тілінде дыбыс үндестігі буын ішіндегі дыбыстардың артикуляциялық жақтан бір-біріне бейімделуіне қарай, негізінен, екі түрде кездеседі.

1. Толық түрде кездесетін ассимиляция.

2. Жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция.

Толық түрде кездесетін ассимиляция деп бір дыбыс дәл өзіндей етіп еліктіруін айтады. Мысалы:

<i>Айтылуы:</i>	<i>жазылуы:</i>
Жасса	Жазса
Сүссе	Сүзсе
Жұмысшы	Жұмысшы
Сөзшең	Сөзшең

Ал, жартылай түрде ұшырайтын ассимиляция деп бір дыбыстың екінші бір дыбысқа дәл өзіндей етіп еліктірмей бір жақты дауыс қатысына қарай айтады. Мысалы: қағазға, тасқа. Осындағы түбірдің соңғы ұяң з дыбысының әуенімен қосымшаның да басты дыбысы ұяңға айналып тұр. Түбір мен қосымшаның біріккен сөздердің және көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ілгерілі-кейінді әсер етіп өзгеруін ықпал заңы дейді. Дауыссыз дыбыстардың біріне-бірі тигізген әсерінен туатын ықпал заңы қазақ тілінде негізінен, үш топқа бөлінеді:

1. Ілгерінді ықпал (прогрессив ассимиляция)

2. Кейінді ықпал (регрессив ассимиляция)

3. Тоғыспалы ықпал.

Тіл ғылымында ілгерінді ықпалды прогрессивтік ассимиляция, кейінді ықпалды регрессив ассимиляция деп атайды.

Прогрессивтік ассимиляция.

Дыбыстар өзгерісінде прогрессивтік ассимиляцияның мәні үлкен. **Прогрессивтік ассимиляция деп бір сөз көлемінде немесе бірнеше сөз аралығында алғашқы**

дыбыстардың кейінгі дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал жасауын айтады. Қазақ тілінде сөз ішінде кездесетін ілгерінді ықпалдың мынадай үш түрі бар:

1.Түбір мен қосымшы аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

2.Біріккен сөз сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

3.Сөз тіркесі сыңарлары аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымшы аралығындағы ілгерінді ықпал қазақ тілінде жиі кездеседі. Түбір мен қосымшы аралығындағы алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа тигізетін әсерін түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығындағы, ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Сөздің соңғы дыбысы ұяң не сонар дауыссыз дыбыс болса, оған жалғанатын қосымшаның басты дауыссыз дыбысы да ұяң немесе сонар дыбыс болады. Мысалы: аң-дар, мал-ға, аң-ға, мал-мен, аң-нан.

2.Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, оған дауыссыз дыбыстан жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да қатаң болады. Мысалы: кітап-тар,кітап-қа, орақ-тар, орақ-қа.

3.Түбір сөз қатаң ш дыбысына аяқталып, оған жалғанатын қосымша с дыбысынан басталса, айтылуда қосымшаның басындағы қатаң с дыбысы қатаң ш дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
қашса	қашша
ашса	ашша
ұшса	ұшша
шашсыз	шашшыз

Біріккен сөз сыңарларының арасындағы прогрессивтік ассимиляция.

Біріккен сөз сыңарларының аралығындағы ілгерінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар:1.Біріккен сөздің бірінші сыңары қатаң дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары б дыбысынан басталса, айтылуда бірінші сөздің соңындағы қатаң дыбыстың әсерінен екінші сөздің басындағы ұяң б дыбысы қатаң п дыбысына айналып естіледі:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Жүсіпбек	Жүсіппек
Кеңесбек	Кеңеспек

2.Біріккен сөздің бірінші сыңары не ұяң сонар дауыссыз дыбысқа бітіп, екінші сыңары қатаң дыбыстан басталатын болса, екінші сыңарының басындағы қатаң дауыссыз дыбыс ұяңға айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Жиенкүл	Жиенгүл
Көзқарас	Көзғарас.

Сөз тіркесі аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Бұл тақырыптың мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі қатаң дауыссыз дыбысқа аяқталып, екінші сыңары ұяң дыбыстан басталса алдыңғы қатаң дыбыстың әсерінен келесі сөздің басындағы ұяң дауыссыз дыбысы айтылуда қатаңға айналады. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
алып бар	алып пар
тоқ бала	тоқ пала

2.Сөз тіркестерінің алдыңғы сөзі дауысты дыбысқа немесе сонар, не ұяң дауыссыз дыбыстың біріне аяқталып келесі сыңардың басқа дыбысы қатаң к, қ дыбыстарының бірі болса, айтылуда екінші сөздің басындағы қатаң к, қ дауыссыз дыбыстары ұяң г, ғ дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

<i>Жазылуы :</i>	<i>Айтылуы:</i>
Қара қағаз	қара ғағаз,
Боз көйлек	боз гөйлек.

Регрессивтік ассимиляция.

Түбір сөз бен қосымшаның, біріккен сөздің және сөз тіркестерінің аралығындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа артикуляциялық жағынан әсер етуін регрессивтік ассимиляция дейді.Қазақ тілінде регрессивтік ассимиляцияның үш түрі бар:

- 1.Түбір мен қосымша аралығындағы регрессивтік ассимиляция.
- 2.Біріккен сөз сыңарлары аралығындағы регрессивтік ассимиляция.
- 3.Сөз тіркестері аралығындағы регрессивтік ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы ассимиляция.

Түбір мен қосымша аралығындағы, кейінді ықпалдың мынадай өзіндік белгілері бар.

1.Түбір сөз қатаң **қ, к, п** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, түбірдің соңындағы қатаң **қ, к, п** дыбыстары өзгеріп ұяң **ғ, г, б** дыбыстарына айналады.

2.Етістіктің түбірі қатаң **п** дыбысына аяқталып, оған көсемшенің **–ып, –іп** жұрнағы жалғанса, түбірдің аяғындағы қатаң **п** дауыссыз дыбысы үнді **у** дауыссыз дыбысына айналады. Мысалы: шап-шауып, сеп-сеуіп т.б.

3.Түбір сөз **н** дыбысына аяқталып, оған **ғ, г, б** дауыссыз дыбыстарының бірінен басталатын қосымша жалғанса, түбірдің соңындағы **н** дыбысы өзгеріліп **ң** немесе **м** дыбысының біріне айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Бұрынғы	бұрынғы
Жанға	жаңға
Дүйсенбі	дүйсембі

4.Түбір сөз **с, з** дауыссыз дыбыстарының біріне аяқталып, қосымша **ш, с** дауыссыз дыбысынан басталса **с** дыбысы өзгеріп **ш** дыбысына, **з** дыбысы өзгеріп **с** немесе **ш** дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Бозжанов	Божжанов
Оразжан	Оражжан

5.Біріккен сөздердің бірінші сыңары н дыбысына бітіп, екінші сыңары б, п, қ, ғ, г дыбыстарының бірінен басталса бірінші сөздің соңындағы н дыбысы м немесе ң дыбысына айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Жанғали	Жаңғали
Жанпейіс	Жампейіс.

Сөз тіркесі аралығындағы прогрессивтік ассимиляция.

Мұның мынадай өзіндік белгілері бар:

1.Қатар айтылған екі сөздің біріншісі қ, к, п дыбыстарының біріне бітіп, екінші сөз я дауыссыз, я үнді, я ұяң дауыссыз дыбыстан басталса бірінші сөздің соңындағы қ, к, п дыбыстары өзгеріп ғ, г, б дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Көк жиек	көгжиек
Шолақ еді	Шолағ еді
Шөп әкелді	Шоб әкелді.

2.Қатар айтылған екі сөздің біріншісі з, с дыбыстарының біріне аяқталып, келесі сөз ш, с, ж дыбыстарынан басталса, бұл дыбыстардың әсерінен бірінші сөздің соңындағы з, с дыбыстары өзгеріп ш, с, ж дауыссыз дыбыстарына айналып естіледі. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Боз жорға	Бож жорға
Тас шаптың ба?	Таш шаптың ба?

3.Қатар айтылған бірнеше сөздердің біріншісінің соңғы дыбысы екіншісінің бақы дыбысы дауысты болып келсе, алғашқы сөздің соңындағы дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мысалы:

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
торы ала ат	торалат
кісі асына сабыр	кісасына сабыр.

Тоғыспалы ықпалы.

Сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың біріне-бірі әсер етуінен туатын дыбыстық өзгерістерді тоғыспалы ықпал дейді. Түбір мен қосымша аралығында, біріккен сөз сыңарлары аралығында, сөз тіркестері аралығында, алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа, кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа, әсер етуінен тоғысып жатады. Сөз сыңарлары аралығында келетін дыбыстар біріне-бірі ілгерілі-кейінді әсер етіп, алдыңғы дыбыс кейінгі дыбысқа әсерін тигізіп, соңғы дыбыстың сапасын өзгертеді де, ал соңғы өзгерген дыбыс өзінен бұрығы дыбысқа әсерін тигізеді. Мысалы:

<i>Жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>
Қазанқап	Қазанғап.

Сондай-ақ мына біріккен сөздерді де бақылауға болады.

Досжан

Дошшан

Есжан

Ешшан

Сөз тіркестері аралығында да байқалады: тас жол – таш жол т.б.

Графика және орфография. Графиканың мәні және алфавит. Орфография.

Сабақтың жоспары.

- 1.Графика жайлы түсінік.
- 2.Орфография туралы түсінік.
- 3.Орфоэпия жайлы түсінік.

Графика (грек, graphike-жазылған, өрнектелген, сызылған), аты айтып тұрғандай, жазу және соған қатысты мәселелерді қарастырады, яғни белгілі бір жазуға қатысты барлық амалдың жиынтығы, әріп пен дыбыстың ара қатысы, сол әріп, таңбаларды жетілдірудің жайы. Қазіргі қазақ графикасының басты құралы әріптер және түрлі тыныс белгілері болып табылады. Бұдан басқа сөздерді қысқарту, бас әріппен жазу, жаңа жолдан (абзацтан) бастау, текстегі кейбір сөздерді айшықтандыру да графиканың амалына жатады. Жазуда әріптер тіл дыбыстарын неғұрлым дәл беретін болса, графикалық жүйе де соғұрлым жетілген болып танылады. Соның күрделісі -- графика. Графиканың негізгі зерттейтін мәселесі тілдің алфавитіндегі әріптердің құрамы болып табылады. Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба әріптермен бөлінеді. Сөз құрамында айтылатын тіл дыбыстарының жазба тілде қағаз бетіне түсіп жазылуы және оған орай оқылу үшін олардың белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесіп белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

Графикалық қағида бойынша әртүрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, олардың әрқайсысының өзіне телінген таңбасы болуы қажет. Графика белгілі бір фонеманың белгілі бір таңбасы болсын деген қағиданы қолдайды.

Ал, алфавиттің қазақ тілі тарихында өз алдына эволюциясы бар. Жиырмамыншы жылдарға дейін қазақ алфавиті араб графикасына негізделген алфавит болады. Бірақ араб алфавитінде ұқсас әріптердің көп болуы және ондай әріптердің бірінен екіншісі қосалқы белгілер арқылы ғана ажратылуы сияқты таңбалар қиындыққа келтірді. Қазақ халқы 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдады. Латын алфавитінің сауат ашыуда болсын, баспа ісінде болсын араб жазуы негізіндегі алфавитке қарағанда әлдеқайда прогрестік маңызы болды. Бұл алфавиттің құрамында 29 әріп бар еді. Біздің елімізде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар орыс графикасына негізделген алфавитке көшуді 39-шы жылдардың аяғы, 40-шы жылдардың басында жаңа алфавитке көше бастады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті 1940 жылы қабылдады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген алфавитті дұрыс түсінді.

Орыс алфавитіндегі 32 әріп түгелдей қабылданып, оған қоса орыс тілінде жоқ дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды да, әріп саны 41-ге жетті. Орыс тілінде жоқ дыбыстың қазақша таңбалары: **қ, ғ, ә, ө, ұ, ӱ, і**. Орыс алфавитіндегі әріптерге мысалы: **о, к, г, у, н** сияқты әріптерге ұқсас болу жайы ескерілді. Орыс графикасына негізделген жаңа алфавит бұдан бұрын келген қиыншылықтардан біржола құтқарды. Сондай-ақ графика мен орфография (дұрыс және жазамын деген грек сөзінен алынған) өзара тығыз байланысты болады.

Орфография дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы дегенді білдіреді. Орфография дұрыс жазудың нормасы мен қағидаларын белгілегенде тілдің әртүрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы принциптерге сүйенеді. Орфографияның негізінен мынадай принциптері бар:

1. Фонетикалық принцип.

Фонетикалық принцип бойынша әрбір фонема қай позицияда келуіне қарамастан өзінебекітілген тұрақты таңба бір ғана әріппен белгіленеді. Фонетикалық принцип сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазылуын басшылыққа алады. Мысалы: жаздыгүні, қыстыгүні, ашудас дегенде сөздердің айтылуынша жазылуы фонетикалық принцип нәтижесі.

2. Дәстүрлік принцип.

Дәстүрлік принцип этимологиялық принциппен төркіндес соған ұқсас принцип болып табылады. Орфографияның бұл принципі тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де сөздің ертеректегі айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Мысалы: дәстүр сөзі дәстір, мазмұн сөзі мазмұн түрінде айтылғанымен бұлар орнығып кетуіне байланысты жазылуын дәстүрлік принципке жатқызамыз.

3. Морфологиялық принцип.

Морфологиялық принцип бойынша жазу сөздердің айтылуына емес сөздердің түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. Морфологиялық принцип сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы:

Басшы	башшы
Ұшсын	ұшшын

Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін ең қолайлы принциптерден саналады. Өйткені түркі тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталуы бірдей келеді. Орфографияда қаралатын әрбір сөздің белгілі бір айтылу нормасы бар, яғни орфоэпия жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормаларды зерттейді. Бірыңғай дұрыс айту жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия (тура, дұрыс және сөйлеу деген грек тілінен алынған) деп аталады. Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразалардың да дұрыс айтылуы қағидаларын қамтиды. Дыбыстардың бір-бірімен үндесіп айтылуы сөз ішіндегі дыбыстарға ғана емес, сонымен бірге сөздің аралығындағы сөздерге қатысты. Мысалы: сақ бол, әкеп бер, қара көз, бара алып едім, үлкен ғалым деген сөздердің тізбегі сөйлеу процесінде сақпол, әкеппер, қарагөз т.б. түрінде айтылады.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша сөздердің аралығында қатар келген екі дыбысты дыбыстың алғашқы сөйлеуде түсіріліп айтылады. Мысалы: торы ала ат, бара аламады, келе алмады деген тізбектер торалат, баралмады, келалмады түрінде айтылады. Орфоэпияны қарастырғанда оның негізгі мәселесі екпінмен ұштасады. Екпін орфоэпиялық категория. Екпіні тұрақты тілдерде екпін сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуына әсер етеді. Мысалы: Сарыарқа деген сөздің Сарарқа болып айтылады, бұл сөздің бірінші сыңарының дербес екпіннен айрылып қалып, сөғы сыңармен екпін жағынан бір топ болып айтылуына байланысты болады. Сондай-ақ торы ала ат сөзі торалат болып ықшамдалуы, оның сыңарының әрқайсысының дербес екпінге ие болу қажетінен айрылып, бір екпінге бағынып айтылуымен байланысты болады. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыруды мектеп, радио, телевизор, театр және киноның атқаратын ролі айрықша күшті. Сондықтан да орфоэпиялық қағидаларды үйренуде ірі және көрнекті дикторлардың сөздерін жиі тыңдау қажет.

Жазбаша тіл ауызша тілдің графикалық бейнесі. Ол көбінесе-көп ойды ауызша айтуға мүмкіндік болмағанда немесе ыңғайсыз болған кезде пайдаланылады. Мұның бір артықшылығы, бұған айтушымен тыңдаушының арақашықтығы кедергі бола алмайды. Жазбаша тіл ауызша тіл негізінде ғана пайда болады. Өйткені жазатын адам ойын іштей айту арқылы ғана қағазға түсіреді, жазуға айналдырады. Жазбаша тілдің ережелері мен заңдылықтарын тіл білімінің графика және орфография деп аталатын тарауы қарастырады.

Графика мен орфография әр түрлі құбылыс бола отырып бір-бірімен тығыз байланысты және біріні-бірі толықтырып тұрады. Графика-(грек тілінен алынған болып, жазылған, өрнектелген сызылған деген мағынаны береді). Аты айтып тұрғандай жазу және соған қатысты мәселелерді қарастырады, яғни белгілі бір жазуға қатысты барлық амалдың жиынтығы, әріп пен дыбыстың ара қатынасы, сол әріп таңбаларды жетілдірудің жайы. Қазіргі қазақ графикасының басты құралы әріп пен тыныс белгілері болып табылады. Бұдан басқа сөздерді қысқарту бас әріп пен жазу жаңа жолдан бастау текстегі кейбір сөздерді айшықтандыруда да графиканың амалына жатады. Жазуда әріптер тіл дыбыстарын неғұрлым дау беретін болса, графикалық жүйеде соғұрлым жетілген болып табылады.

Қазіргі қазақ графикасы әріптердің жазылу тәсіліне және өрнегіне қарай жазу графикасы және баспа графикасы (машина жазу графикасы) болып бөлінеді. Қазіргі жазу графикасындағы әріптердің орыс графикасындағы дыбыстар негізінде пайда болаған.

«Жазу-адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас мүмкіндік беретін құрал». Жазудың шығуы және оның кезеңдері К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» оқулығында жақсы айтылған.

Графика деген түсінік әдетте фонемалық жазуға байланысты қолданылады. Мұндай жазуда алфавит, графика және орфография сияқты ұғымдар орайласып жатады.

Әлемде 3 түрлі жазу жүйесі кең тараған. Латын, кириллица және арап жазулары. Алайда бұл жазулар мінсіз графикалар емес. Ағылшын тілінде 40 фонема бар. Ал ағылшын алфавитінде 118 графема бар. Графема-тілдің графикалық жүйесіндегі ең кіші бірлік ол әріптерге синоним ретінде қолданылады. Кириллица жазуының графикалық жүйесі графемалардың фонемаларды өрнектеуге қолайлы.

Мұны грек тіліндегі шіркеу кітаптарының ескі славян тіліне аудару үшін славян ағартушысы Кирилл 863 жылы грек алфавиті негізінде жасаған.

Қазіргі орыс алфавитінде осы кириллицаның негізінде жасалып түзету толықтырудан өтті.

Қазақ тілі жазудың осы үш түрлі жүйесін басынан өткізді. Қазақ жазуы 30-жылдарға дейін араб графикасын пайдаланып келді де, 1929 жылы шілденің 25-інде Қазақстан Орталық атқару комитетіне «Қазақтың жаңа емлесі туралы» декреті жарияланғаннан кейін латын графикасына көшті. Жаңа алфавитте 29 әріп болды, 9-ы дауысты, 18 дауыссыз деп, екеуі жарты дауысты деп таңбаланды. Емленің негізгі принципі фонетикалық болды. Бас әріп пайдаланылмады. Алайда латын графикасына негізделген жазудың өмірі қысқа болды.

1940 жылы араб графикасына негізделген жазуға көшу туралы заң қабылданды, соның нәтижесінде қазіргі жазуға ие болды. Алғашқы алфавитте 41 әріп болды. Алфавиттік қатарда алдымен орыс тіліне тән әріптер содан соң орыста жоқ, қазақ тіліне ғана тән әріптер тұрды. Бұл тәртіп 1957 жылы өзгеріп, қазіргідей күйге келді, яғни *а, ә, б, в, г, ғ* деген сияқты және қазақ алфавитін қатарына *ә* әрпі қосылды.

Қазіргі қазақ алфавитінде 42 әріп бар. Оның 33-і орыс тілінен өзгеріссіз қабылданды да, орыс графикасының негізінде жаңадан 9 әріп (*ә, ғ, қ, н, ұ, ү, і, х*) жасалды. Бұл әріптердің 25-і дауыссыздардың, 15 дауыстылардың таңбасы, екі әріпте (*ь, ъ*) дыбыстық мән жоқ.

Қазақ жазуында фонемалық жазу, үндестік заңына сай кез келген фонема бірнеше ренде ұшырайды.

Әріптер негізгі және қосалқы мәнді болып келеді. Егер әріп сөз ішінде тұрғандай дыбысталса, онда негізгі мәнде тұрғаны. Ал ол сөз ішінде жеке тұрғандағыдай дыбысталмаса, онда қосалқы мәнде тұрғаны, мысалы: *бала, жау, екі, емес, сары* сөздеріндегі *б, з, е, ы* әріптері негізгі дыбыстық мәнінде қолданылып тұрса, ал *араб, жазу, екі, үкі, елес, ұры* дегендер олар қосалқы мәнге ие болып тұр, яғни *б-п, з-с, і-ұ, е-ө, ы-ұ* болып дыбысталады да, әріп өзі таңбалайтын, айқындайтын әріптердің негізгі мәні маңызды. Ал әріптердің қосалқы мәні орфография ережесіне сай қолданылуынан көрінеді.

Қазақ алфавитіндегі әріптер негізгі мәніне қарай екі топқа бөлінеді: бір мәнді және көп мәнді. Бір мәнділер (ә, ө, ұ, ү, ғ, қ, ғ) үнемі бір-ақ дыбысты бейнелесе, ал қалған әріптер екі, тіпті үш-төрт мәнді болып келеді. Мәселен; б, д, ж, е, ш жуан әрі жіңішке айтылатын дыбысты таңбалайды. Тоба-төбе, дау-дәу, қожа-көже, аса-есе, ұшық-ішік.

Әр әріптің өзінің аты бар, дауысты әріптердің өзіне сай дауыссыз дыбыстың жеке өзінен (а, ә, е, о, ұ, ү, ы, і) не дауыссыздан басталатын дауыстыдан (е, ю, я), сондай-ақ дауыссыздан аяқталатын дауыстыдан (и, у) тұрады. Ал дауыссыз әріптердің аты сол дауыссызбен дауыстының тіркесі айтылуынан құралады. Мысалы; балалар деген сөздің бас дыбыс б-ны бөлек айтпақ болсақ, ал бы деп айтамыз және р дыбысын ыр деп немесе ры қана айтамыз, алдынан ы дыбысын қосып айтамыз.

Қазақ тіл білімі қаз-қаз баса бастаған 30-жылдарда Қ.Жұбанов жоқарыдағыдай пікір айтқан еді. А.Байтұрсыновтың 1912 жылға «Оқу құралында дауыссыз әріптің мәні мен айтылуы» болып келеді. бы,гі,ғы,ды,жы,зы,кі,қы т.б. Қысқасы дауыссыздардың алды, артынан қысай ы,і дыбыстарын қосып айту тілдің өзіндік үйлесінен, жарасымынан туындаса, әр сөйлеуде буыннан кем элемент болмайтынын аңғартады. Алайда орыс алфавитіне көшу кезінде тіліміздің өзіндік ерекшелігі ескерілмей, дауыссыз әріптердің аты да, орыс тіліндегідей немесе оған жуық айтылатын болды. Орыс тіліндегідей айтылатындар: қа, ел, ғым, эм, эн, эр, эф, ха, ва, ша соған жуықтар: бе, ве, де, же, зе, пе, це, че- бұларда э,е -мен алмастырылған. Ал қазақтың өзіндік дауыссыз әріптері ғана қа, эн, ха, да деп орыс тіліндегідей қылып айтамыз. Егер осы дауыссыздарды с,р,ф,н,д,т,л,ң,б,з,м,г,к,ш,ж,қ,х,х түрде шашып жіберіп әлгі заңды аттарымен атай бастасақ: эс-эр, эф-эн-де, те-эл-эң-бе-зе, эм-ге ка-ша же деген сияқты келемежге кенелер едік. Әріптеріміздің бұлайша орысша аталуынан сол орыс тіліне деген «құштарлықты», саясаттың ызғарын сезу қиын емес.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы және оның маңызы туралы алғаш пікір айтушылардың бірі-М.Балақаев. Ол өзінің «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деп аталған еңбегінің алғы сөзінде былай дейді: «Бірақ сөздердің айтылу нормасы және сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келді. Сондықтан да бізде бұл мәселе жөнінде күні бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Мына сөз былай айтылмайды, былай айтылады, мынаны дұрыс, мынасы теріс дегенді көп есітпейміз. Кім қай сөзді қалай айтады, қалай естиді-бәрібір әйтеуір нобайы келсе болғаны. Бұл кемшіліктерден арылу үшін әрбір сөздің дұрыс айтылуы нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі етіп қою керек». Кітапта «Орфоэпиялық және орфографиялық норма» деп аталатын тақырып бар. Көлемі шағын болғанмен осы мәселелерге қатысты бірсыпыра құнды мағлұмат айтылған. Рас, автор алғаш: «Қазақ сөздерінің айтылуы мен жазылуы арасында үлкен айырмашылық жоқ» деген де пікір айтады. Алайда келесі бетте-ақ: «Сөйтіп қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді. Сөздердің айтылуы мен жазылуында бірлестік болу мүмкін емес», - екенін нақты фактілермен дәлелдейді. Соңы ы,і дыбыстарға біткен етістіктерге у қосымшасы жалғанғанда, олардың ұ, ү-ге айналып кететіні де айтылады. Автор орфоэпиялық норманы айқындауға байланысты өз пікірін ұсынады: «Сонда жалпылама долбармен айтқанда, сөздердің айтылу нормасы былай болуы керек: құлаққа жағымды, көңілге қонымды айтылғанның бәрі-норма, бәрі дұрыс. Құлаққа жат не тосаң естілетін, көңілге қонбайтын бұлдыр, оғаш түсініксіз, дөрекі айтылғанның нормаға жатпайды, дұрыс емес. Тілдік нормалар қоғам мүддесіне негізделгендіктен олар жалпы халыққа бірдей түсінікті, тілге жатық, айтуға ыңғайлы болуға тиіс». Қысқасы, бұл еңбекте қазақ орфографиясына қатысты алғашқы пікірлер айтылған деуге болады.

М.Дүйсенбаевтың «Қазақ әдеби тілі орфоэпияның негізгі мәселелері» аты айтып тұрғандай, осы мәселеге арналған арнайы зерттеу.

Автор дұрыс сөйлеудің нормасы тіліміздегі белгілі бір заңдылығы бойынша қалыптасатынын ескеріп, тіліміздегі дыбыстардың әрқайсысының айтылуындағы

ерекшеліктерге жеке-жеке тоқтайды. Автор қазақ әдеби тілінің сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына әсер еткен негізгі жағдайлар ретінде мыналарды атап көрсетеді. Халықтың дәстүрлі сөйлеу тілі белгілі бір мәдени орталық, баспа орындары мен мәдени мекемелер, жазба әдеби тіл мен көркем әдебиет. Автордың мына пікіріне жүйелі түрде көңіл аудару керек болады: Қазіргі Алматы қаласындағы қазақ интеллигенциясының сөйлеу тілі дұрыс сөйлеу мәдениетінің үлгісі болады дейміз»

Х.Қожақметованың мектепке дейінгі балалар мекемелеріне маман даярлайтын педагогикалық оқу орындарының студенттері мен оқушыларына арналған «Мәнерлеп оқу» деп аталатын оқу құралында орфоэпияға да орын берілген. Тіпті «Орфоэпияның басты ережелерін» анықтауға да тырысқан. Алайда ол тек ниет түрінде қалған.

Қазақ тілі орфоэпиялық нормаларын жүйелі түрде біршама дұрыс баяндаған, осы саладағы ізденістерге үлгі-өнеге боларлық еңбек- Р.Сыздықованың «Сөз сазы» сөзді дұрыс айту нормалары, 1983 жылы жарық көрген бұл кітапшада қазақ тілінде тұңғыш «Орфоэпия қағидалары» жүйеге түсіріліп, 36 параграфқа топтастырылған. Және мұның өзі құрғақ, жай қағида болып қалмаған; мысалдар берілген, жаттығуы және бар. Еңбектің және бір артықшылығы сөйлеу үстінде сөздердің ритмикалық топ құрап айтылатынын және ондай топтардың түрлерін анықтайды. Бұл еңбек жетілдіріп, 1995 жылы қайта жарық көрді.

Ә.Жүнісбековтың еңбектері тіліміздегі дыбыстардың акустика-артикуляциялық қасиеттерін дұрыс танытып қоймай, орфоэпияға қатысты мәселелерді береді. Сөйтіп алғаш елеусіз қалған тіл мәдениетіміздің үлкен бір көрсеткіші -орфоэпия саласыда соңғы 20-жылдардың ішінде елеулі жұмыстар істелді. Әрине, бұл мәселе өз шешімін жан-жақты деуге болмайды, әсіресе тілді тұтынушы көпшіліктің игілігіне айнала қойған жоқ. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған А.Байтұрсынов сингорманизм туралы сындарлы еңбек жазған Х.Досмағанбетов тілді бесіктен бойға сіңіргендер.

Сонымен орфоэпия ережелері тілдегі сөздер мен бунақтарды әдеби тіл нормасына сай неғұрлым бірізді, дұрыс айтуды қамтиды. Мұның өзі айналып келгенде жеке дыбыстардың, дыбыстар тіркесінің айтылу ерекшеліктерімен, дыбыстың үндестігімен тікелей байланысты. Қысқасы орфоэпиялық норманы дұрыс меңгеру үшін тілдегі әрбір дыбыстық акустика-артикуляциялық белгілердің қолданылуындағы ерекшеліктерді, яғни фонетика ғылымын жақсы білуге болады.

«Қазақ жазуы күні бүгінге дейін 1957 жылы қабылданған емле ережелерін» пайдаланып келеді. Сөздік жазылу жағдайының бәрін графика тұрғысынан түсіндіруге болмайды. Графика бойынша: *өлең, құлұн, жасса, жұмышы*, түрде жазуға әбден болады және бұл сөздің айтылуына дәл келеді. Алайда қазіргі жазба тілдің дыбыстық жағын ғана қамтып қоймайды. Сонымен бірге морфология, сөз жасам, лексикология және фонетикалық құрамының тарихи дамуымен де тығыз байланысты.

Орфография сөздің графикалық бейнесінің қалай жазылу керектігін жалпы ережелерін жасайды. Қысқасы, графика және дыбысты, әйтеуір жазуды қарастырса, орфография сөздің қалай жазылуын яғни графикалық бейнесін қарастырады.

Әлемдегі жазу жүйелерінің көбі бірнеше ғасырлық даму жолынан өтті. Мысалы, орыс жазуының тарихы екі ғасырдан асады. Осы орыс жазуына негізделген қазақ жазуы жарты ғасырдан асты. Алайда осындай ұзақ жазудан өтіп, жетілген деген жазулардың өзі де дыбыс жүйесімен алфавиттің арасында толық сәйкестікке жете қойған жоқ.